Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

# AQTOǴAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№1-2 (7891)
Жұма
13 қаңтар
2023 жыл

*11 қаңтар күні «AMANAT» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының кезектен тыс XXXIV конференциясы өтті.*

## «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXXIV конференциясы

Конференция жұмысына партияның Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков, аудандық мәслихаттың хатшысы Рашид Әбеуов және конференция делегаттары қатысты.

Отырыстың күн тәртібі бекітіліп, конференцияның жұмыс органдары жұмыс жүргізуде. Депутаттық фракция республикалық, облыстық және аудандық бюджеттің тиімді пайдаланылуына бақылау жасап, және маңызды бағдарламалардың орындалысын қарайды. Депутаттар жеке қабылдаулармен қатар көшпелі отырыстар өткізді. Сонымен



сайланғаннан кейін партияның Ақтоғай аудандық филиалы мен мәслихаттың депутаттық фракциясының өткен жылғы атқарған жұмыстары туралы есебі және алда тұрған міндеттер туралы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Төлеген Таукеев ақпар жасады.

Бүгінгі таңда партияның аудандық филиалы түрлі бағыттар бойынша партиялық жобаларды іске асыру, жаңа мүшелерді тарту, аудан тұрғындарына көмек және қолдау көрсету бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде. Қазіргі уақытта "AMANAT" партиясында 1800-ден астам мүше бар, 20 бастауыш партия ұйымы белсенді жұмыс істейді. Партиялық жобаларды іске асыруға қатысты 60-тан астам іс-шара өткізілді. Бұдан басқа, филиал жанынан сайлауалды бағдарламаның орындалысын қадағалау үшін 5 қоғамдық кеңес жұмыс жасайды. Халықпен жұмыс, яғни, оның ішінде қоғамдық қабылдау, жеке қабылдау жұмыстары тұрақты түрде жүзеге асырылуда. Ақтоғай аудандық мәслихатының депутаттық фракциясы да белсенді қатар, партиялық жобалардың орындалысында белсенді жұмыс атқарады. Ағымдағы жылға арналған жоспарларда ағымдағы мәселелерді шешу үшін халықпен одан да көп өзара іс-қимыл жасау, қоғамдық қабылдау бөлмесінің жұмысын жандандыру және т. б. сияқты жұмыс бағыттары атап өтілді, – деді атқарушы хатшы өз ақпарында.

Сондай-ақ, кезектен тыс конференция барысында "AMANAT" партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Алтынбеков Бекзат Қомарұлы «AMANAT» партиясы қоғамдық бірлестігі Жарғысының 9.6.4 тармағына сәйкес және «AMANAT» партиясы облыстық филиалының келісімі бойынша партияның Ақтоғай аудандық филиалының төрағалығына Таукеев Төлеген Зәрузадаұлының кандидатурасын ұсынып, конференция делегаттарының дауыс беруі арқылы бірауыздан қолдау тапты. Конференция соңында Бекзат Қомарұлы аудандық конференцияға қатысушыларға өзінің алғысын білдірді.

**Н.Серік.**

*Бас редактор бағаны*

## Қоян жылымыз құтты жыл болсын!



2022 жыл деп аталатын бір жыл тарих қойнауына кетті. Өткен Барыс жылы Қазақ елі үшін «қаңтардың қасіретті» күндерімен басталды. Өткенге салауат айтып, соңының қайырын күтіп, келешектен зор үміт күткен рухы мықты қазақпыз. Жылымыз үлкен реформалық өзгерістерге толы болып, Жаңа Қазақстан – жаңару мен жаңғыру жолына қадам бастық. Еліміз Президент сайлауынан бастап, бірнеше саяси жүйелермен жұмыс жасады. Әлі де нық қадамдармен жарқын болашаққа еркін жол сала береміз. Өйткені, біз бабалар аманатына адал, болашағымыз жарқын, келешегіміз кемел Қазақ деген өр намысты елміз. Ал, үш арыстың туған жері Ақтоғай жұрты үшін де жылымыз жайлы, жағымды жаңалықтар мен жетістіктерге толы жыл болды. Күнделікті өмір ағымымен жасалынып жатқан жұмыстарды, жеткен жетістіктерді аудан айнасы «Aqtogaı ajary» газетінен оқып, оның әлеужелідегі парақшаларынан құрметті оқырмандарымыз дер уақытында хабардар болып отырды. Ол біздің өткен жылғы жарық көрген 52 нөмірімізде тайға таңба басқандай сайрап тұр. Сондықтан да, «өткен жылға өкпе жоқ, келер жылдан үміт көп» дей отырып, жыл санауымыздағы құтты Қоян жылын қарсы алудамыз.

Құрметті оқырман! Ауданымыздың әр құтты қадамын жаңалықтың жаршысы, өздеріңіздің «Aqtogaı ajary» халыққа жеткізуден шаршаған емес. Газетті қолдау – қазақты қолдау. Міне, 2023 жыл да табалдырығымыздан аттады. Өткен жылдан бастап газет жеке меншікке өтіп, әкімдік деген құрылтайшыдан отауланып, жеке меншік құрылтайшыға өткенін білесіздер. 85 жылдық тарихы бар басылымды талан-таражыға салмастан елдігімізді, ұлтжандылығымызды танытып, аудандық газетті өзіміздің тәжірибелі журналистердің сақтап қалуына атсалыстық, алып та қалдық. Жеке меншік екен деп шалқадан түсіп жатпадық, халықтың үнімен ғана ақпарат айдынында еркін жүзетінімізді түсініп, алғашқы жұмысымызды оқырман жинаудан бастадық. Оқырмандарымыз да өз межелерінен танбай, баспасөзге жазылу уақытында аудандық газетті алдыңғы орынға қойып, жазылып, іздеп жүріп оқитыны бізді қуантты. Сондай-ақ, ол менің жорналшы әріптестерімнің еңбегін бағалау деп түсіндім. Қуанарлығы, «Aqtogaı ajary» газетінің демеушілері де өз үрдістерінен таймады. «Сүйер ұлың болса, сен сүй, сүйсінуге жарасын ол» – деп хәкім Абай айтқандай, ауданымыздың айнасы «Aqtogaı ajary» газетінің туын жоғары көтеріп, әрбір үйде жергілікті газеттің болуына үлес қосып жүрген демеушілеріміз, аудандық мәслихат депутаттары Қанат Мұсаханов, Ертай Отыншин және ауылдық округ әкімдері, мектеп директорлары, ауылдық округтегі пошта қызметкерлеріне, баспасөзге жазылу науқанында көрсеткен еңбектеріне алғысым шексіз. Сонымен қатар, өзіміздің демеушілігімізбен 60 зейнеткер-ардагерді баспасөзге жаздырдық. (Алайда, бір ауылдық округтен 15 қана оқырманы бар, тіптен 3-5 мұғалім ғана жазылған мектептер бар, ол туралы алдағы уақытта қалам тербейтін боламын. Мерекелік нөмірде көңіл-күй бұзылмасын).

Бүгін сіздермен жаңа жылда алғаш рет жүздесіп отырмыз. Біз сіздердей рухани қолдаушыларымыздың бар екенімен мақтанамыз. «...Әуелі газета – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Адамға көз, құлақ, тіл қандай керек болса, халыққа газета сондай керек...» деген Алаш көсемі, жерлесіміз Әлихан Бөкейхан. Олай болса, жергілікті газеттің туын жоғары көтеру – сіздерден, мәселені шешу – бізден. Келген жылымыз табысты жыл болсын, жыл бойы бірге болайық! Газетіміздің әрбір саны босағаңызға сүйіншілеген хабар, жағымды жаңалық жеткізсін. Отанымыз тыныш болып, еліміздің, жеріміздің берекесі артар жыл болсын. Отбасыларыңыз аман болып, жақсылықта жүздесейік, ағайын!

**ГҮЛНАР МЕТАЙҚЫЗЫ,**
**«Aqtogaı ajary» газетінің құрылтайшысы, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, «ҚР Ақпарат саласының үздігі».**



Жолдау мұраты – ел мүддесі

# Әділетті мемлекет – берекелі қоғам негізі

Қаралы қаңтар оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көтерген «Жаңа Қазақстан» идеясы ауқымды реформалар мен оң өзгерістерге негіз салып, тың мүмкіндіктер мен заманауи үрдістерге жол ашты. Жаңа Қазақстанның жаңару мен жаңғыру жолы ел Президентінің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты кезекті Жолдауында да жан-жақты қамтылып, жарқын болашақ құрудағы жасампаз жоспарларымыз бен кешенді бағдарламалар айқындалды.

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Саяси реформалар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласымен жүзеге асырылып жатыр. Бұл тұжырым – қоғамымыздың мызғымас тұғыры. Реформалардың мазмұны жан-жақты толыға бермек. Жалпыұлттық ынтымақты және билік пен қоғамның серіктестігін нығайта береміз», – дей келе, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасын ұстану аса маңызды. Біз қоғамға іріткі салуды емес, елді ізгі мақсатқа жұмылдыруды ойлауымыз керек. Әділетті Қазақстан идеясының түпкі мәні – осы. Біздің алдымызда айрықша міндет тұр. Бұл – еліміздің егемендігін және жеріміздің тұтастығын сақтап қалу. Елдігімізді қорғаудың ең басты жолы – берекелі бірлік. Бұдан басқа жол жоқ», – деп нақты айтты.

Сондай-ақ, жалпыхалықтық референдумда ортақ қабылданған конституциялық өзгерістер әділетті Қазақстанның символына айналатынын жеткізді. «Біз Ата Заңымызда «Жер мен табиғи ресурстар халықтың меншігі» деген басты қағидатты бекіттік. Бұл – құр сөз емес. Бұл – барлық реформаның арқауы», – деді Президент.

Мемлекет басшысы әділетті қоғам орнатудың басты бағдары ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеру мәселесіне айрықша тоқталды. «Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа жаңа, әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс», – деп атап өтті. Шындығында, елдің тұрмыстық жағдайы түзелмей, өзге салада жетістікке жетуіміз неғайбыл.

Экономика саласында қордаланған түйткілдер баршылық, еліміздің әлі күнге шикізатқа тәуелді болып отырғаны, еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз екені жасырын емес. Ұлттық табыстың игілігін елдің бәрі бірдей көруі үшін оның нақты жолдарын қарастыру қажеттігі анық. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру, сонымен қатар, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру – кезек күттірмейтін заман талабы.

Жолдауда Мемлекет басшысы Жаңа Қазақстан құрудың жаңа міндеттеріне тоқталып, халықты ұлт мүддесі үшін ұйысуға шақырды.

Әрине, ел дамуындағы айрықша бетбұрыстар әр салада жаңа, креативті шешімдер қабылдауды қажет етеді. Кез келген реформаны іске асырудың кілті ғылым мен білімде екені сөзсіз. Сондықтан, өркениетке ұмтылған жаңа Қазақстанның кескін-келбетін білімді жастар мен еңбекқор мамандар жасайтыны анық. Бұл орайда, Жолдау жоғары білім беру жүйесіне жаңаша талаптар мен жауапты міндеттер жүктеп отырғанын түсінеміз.

**Д.Ултыкеев,**
**Жидебай ауылдық округінің әкімі.**

# Жаңа тағайындаулар



Қарағанды облысының Полиция департаменті бастығының 30.12.2022 жылғы №2211 бұйрығымен Ақтоғай ауданының Полиция бөлімі бастығы лауазымына полиция подполковнигі Спанов Серікбол Қабиболлаұлы тағайындалды.

Серікбол Спанов 1976 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында туған.

2005 жылы Қарағанды экономикалық университетінің заң факультетін бітірген. Білімі жоғары, заңгер.

Қызмет жолын 1996 жылы патрульдік бекет қызмет милиционері лауазымынан бастаған.

2003 жылы патрульдік полиция ротасының взвод командирі, 2006 жылы патрульдік полиция ротасының командирі, 2013 жылы Қарқаралы ауданының полиция бөлімі бастығының кадр жұмыстары жөніндегі орынбасары лауазымын атқарды. 2021 жылдан осы уақытқа дейін Қарқаралы ауданының полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары лауазымын атқарған.

Отбасылы.



ҚР Президентінің 2022 жылдың 28 желтоқсандағы №66 Жарлығына сәйкес, Боранбаев Ерден Мухамедиевич Ақтоғай аудандық сотының төрағасы болып тағайындалды.

Боранбаев Ерден Мухамедиевич 1982 жылы 29 қаңтарда Қарағанды облысы Шет ауданында дүниеге келген.

1999 жылы Е.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің заң факультетіне түсіп, 2003 жылы «құқықтану» мамандығы бойынша диплом алған. Заң саласы бойынша әртүрлі қызметтер атқарып, өрлеудің бірнеше сатысынан өткен.

2015 жылдан бастап, осы уақытқа дейін Қарқаралы аудандық сотының судьясы қызметін атқарған.

Отбасылы, 3 баласы бар.

*Қазақстан-2050: мемлекеттік қызмет*

# Основания прекращения государственной службы административными государственными служащими

В статье 61 Закона «О государственной службе Республики Казахстан» (далее – Закон), указаны 22 основания прекращения государственной службы административными государственными служащими, из которых 10 признаются как увольнение по отрицательным мотивам.

Так, в соответствии с пунктом 3 статьи 61 Закона административные государственные служащие, уволенные в соответствии с подпунктами 7), 8), 9), 11), 12), 13), 14), 15), 16) и 21) пункта 1 настоящей статьи, признаются уволенными по отрицательным мотивам.

В частности в данном пункте указаны такие основания как представление административным государственным служащим заведомо ложных сведений о доходах и имуществе, несоблюдение обязанностей и (или) ограничений, установленных законами Республики Казахстан, не передача в доверительное управление принадлежащих на праве собственности долей, акций (акцию), совершение административного коррупционного правонарушения и так далее.

Следует отметить, что после увольнения лиц, указанных в пункте 3 Закона, на них в соответствии с пунктом 6 «Правил ведения и использования учета лиц, уволенных с государственной службы по отрицательным мотивам», утвержденных Приказом Генерального прокурора Республики Казахстан от 29 апреля 2011 года №39 (далее – Правила), кадровой службой в органы по Правовой статистике и специальным учетам Генеральной Прокуратуры Республики Казахстан направляется карточка формы №1-ОМ, которая в соответствии с пунктом 14 Правил хранится постоянно.

Таким образом, при желании гражданина уволенного по отрицательным мотивам вновь поступить на государственную службу при рассмотрении его документов данный факт будет отражаться в базе данных «Специальные учеты».

Также необходимо указать, что в соответствии со статьями 680 и 681 Кодекса об административных правонарушениях (далее – Кодекс), непринятие руководителями государственных органов мер по противодействию коррупции влечет штраф в размере ста месячных расчетных показателей, а принятие на работу лиц, ранее совершивших коррупционное преступление предусмотрен штраф в размере ста месячных расчетных показателей.

При этом данные статьи Кодекса являются коррупционными правонарушениями, за что в соответствии с пунктом 11) Закона влечет также увольнение по отрицательным мотивам.

В этой связи доводим до сведения, что каждому государственному служащему необходимо при выполнении своих должностных обязанностей строго руководствоваться законодательством о государственной службе.

**М.Умуркулов,**
**главный специалист Управления по контролю в сфере государственной службы.**

*Президент тапсырмасын орындай отырып...*

# Атқарылған жұмыстар ауқымды, алда тұрған міндеттер де аз емес

2022 жылға аудан бойынша тауарлар, қызметтер мен жұмыстарды сатып алуға мемлекеттік сатып алудың веб-порталына 7 млрд 644 млн 595 мың теңгеге жылдық жоспар орналастырылып, бүгінгі күнге 7 млрд 187 млн 495 мың теңгеге 1654 келісім-шартқа отырды. Қалыптасқан шартты үнем – 397 млн 660 мың теңге.

Оның ішінде бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы 388 мемлекеттік сатып алу 293 млн 568 мың теңгеге жоспарланып, 293 млн 396 мың теңгеге 355 келісім-шартқа отырды (1С бухгалтерия, құжат айналымы, ақпараттық есептеу орталығы, пошта, интернет, байланыс, коммуналдық және банк қызметтері, т.с.с).

Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі арқылы 2143 мемлекеттік сатып алулар 733 млн 079 мың теңгеге жоспарланып, 673 млн 809 мың теңгеге 1232 (лоттарға біріктірілген сатып алулар) келісім-шартқа отырды (өткізілмеген мемлекеттік сатып алу бойынша бір көзден сатып алуларды қоса алғанда);

Тауар биржасы арқылы 8 мемлекеттік сатып алу (Ақтоғай, Абай, Тасарал, Ортадересін, экономика, мәдениет және тілдерді дамыту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы бөлімдеріне көмір сатып алу) 37 млн 845 мың теңгеге жоспарланып, 36 млн 699 мың теңгеге 8 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 1 млн 147 мың теңге;

Әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс 5 мемлекеттік сатып алу (ішкі саясат, жастар ресурстық орталығы, жұмыспен қамту орталығы) 14 млн 746 мың теңгеге жоспарланып, 14 млн 491 мың теңгеге 5 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 256 мың теңге;

Конкурстар бойынша (ашық және біліктілікті алдын ала анықтау тәсілдері арқылы) 54 мемлекеттік сатып алу 6 млрд 565 млн 357 мың теңгеге жоспарланып, 6 млрд 169 млн 100 мың теңгеге 54 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем – 396 млн 257 мың теңге.

– Республикалық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы («Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ) 2 конкурс 22 млн 325 мың теңгеге жарияланып, 22 млн 265 мың теңгеге 2 келісім-шартқа отырды, қалыптасқан шартты үнем 60 мың теңге;

– Облыстық бірыңғай ұйымдастырушы («Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ) арқылы 12 конкурс 5 млрд 375 млн 378 мың теңгеге жарияланып, 5 млрд 081 млн 946 мың теңгеге 12 келісім-шартқа отырылды, қалыптасқан шартты үнем – 293 млн 432 мың теңге;

– Аудандық бірыңғай ұйымдастырушы арқылы («Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімі» ММ) 25 конкурс 1 млрд 090 млн 987 мың теңгеге жарияланып, 997 млн 857 мың теңгеге 25 келісім-шартқа отырылды, қалыптасқан шартты үнем – 93 млн 130 мың теңге;

– Бюджеттік бағдарлама әкімгерлері арқылы 15 конкурс 76 млн 667 мың теңгеге жарияланып, 67 млн 031 мың теңгеге 15 келісім-шартқа отырылды, қалыптасқан шартты үнем – 9 млн 636 мың теңге.

Аудан көлемінде іске асырылған ірі жобалардың мемлекеттік сатып алуларына тоқталатын болсақ: Құрылыс жұмыстары бойынша Ақтоғай ауылының солтүстік-батыс шағын ауданының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу (сумен жабдықтау, кәріз, абаттандыру, қазандығы бар жылу желілері, телефондандыру) – 367 млн 707 мың теңгеге, Ақтоғай ауылында кәріз желілерінің құрылысы – 2 млрд 548 млн 537 мың теңгеге, Шашубай кенті, Ж.Ақбергенұлы көшесі, 9-үй 100 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үйді қалпына келтіру – 680 млн 278 мың теңгеге, Ақтоғай ауылы, солтүстік-батыс шағын ауданында ИКИ (қосалқы станциясымен 35 кВ электр желісін, 16 көппәтерлі және 30 бір бөлмелі жалдамалы тұрғын үйлерге 10 және 0,4 кВ электр желісін) салу» жұмысы – 572 млн 662 мың теңгеге, Қараменде би ауылдық округі, Қуаныш ауылына су желісінің құрылысы – 431 млн 323 мың теңгеге, Жидебай ауылдық округі, Үшарал ауылына су желісінің құрылысы – 293 млн 781 мың теңгеге, Сарышаған кенті, 3 шағын ауданы мекенжайында орналасқан №4 тұрғын үйді қалпына келтіру 210 млн 349 мың теңгеге жарияланып, келісім-шарттарға отырылды.

Күрделі жөндеу жұмыстары бойынша Құсақ ауылдық округі, Қошқар ауылы клуб үйі ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу 38 млн 694 мың теңгеге жарияланып, жеңімпазбен келісім-шартқа отырылды.

Орташа, ағымдағы жөндеу жұмыстары бойынша Шашубай кенті, Ж.Ақбергенұлы көшесіндегі кентішілік автомобиль жолын орташа жөндеу – 72 млн 245 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі Абай Құнанбаев №35 және Шашубай Қошқарбайұлы №12 көпқабатты үйлердің қасбеттері мен төбесін ағымдағы жөндеу жұмыстары – 18 млн 670 мың теңгеге, «Сарышаған кентінің көпқабатты тұрғын үйлерін абаттандыру және ағымдағы жөндеу» жұмысы – 48 млн 991 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көпқабатты тұрғын үйлерді ағымдағы жөндеу жұмыстары – 3 млн 150 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының санитарлық үй-жайларын ағымдағы жөндеу – 4 млн 759 мың теңгеге, Шашубай кентіндегі көше жарығын ағымдағы жөндеу – 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің әкімдік ғимаратының шатырын ағымдағы жөндеу – 11 млн 033 мың теңге, Қараменде би ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратының сыртын жөндеу – 2 млн 992 мың теңгеге, Торанғалық ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратын жөндеу - 3 млн 733 мың теңгеге, Шабанбай би ауылдық округі әкімдігінің ғимаратын ағымдағы жөндеу - 14 млн 998 мың теңгеге, ауыл шаруашылығы бөлімі мекемесінің ғимаратының терезелерін ауыстыру жұмысы – 5 млн 133 мың теңгеге, Сарышаған кенті әкімі аппараты ғимаратының ішкі ағымдағы жөндеу жұмыстары – 5 млн 738 мың теңгеге, Сарышаған кентінің көшесіндегі грейдерлік жолды ағымдағы жөндеу жұмыстары - 12 млн 933 мың теңгеге, Сарышаған кенті, Абай көшесіндегі №20 көппәтерлі тұрғын үйдің шатырын ағымдағы жөндеу – 7 млн 705 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Абаттандыру жұмыстары бойынша Шашубай кентінің (Сейфуллин, Құнанбай, Ақбергенұлы) көппәтерлі тұрғын үйінің аула аумағын абаттандыру бойынша жұмыс – 123 млн 474 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы көпқабатты тұрғын үйлердің аумағын абаттандыру бойынша жұмыстар - 54 млн 917 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының жарықтандыру объектілері мен жабдықтарына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары – 12 млн 443 мың теңгеге, Ақтоғай ауылындағы Нарманбет көшесінен бастап Сана би көшесінің қиылысына дейін көше шамдарын орнатуға 5 млн 064 мың теңгеге, Ақтоғай ауылының «Домбыра» композициясы сатысының гранитті плиталарын ауыстыру және жасанды көгал орнату жұмысы 3 млн 631 мың теңгеге, Сарышаған кентінде көпқабатты үйлердің аулаларын абаттандыруға 48 млн 991 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Теміржол көшесіндегі саябаққа қоршаулар мен жазғы суару құбырларын орнату 10 млн 028 мың теңгеге, Сарышаған кентінің хоккей кортына көрермендерге арналған трибуна орнату 4 млн 266 мың теңгеге, Сарышаған кентіндегі 3 ықшам ауданы №6,8,9,10,12 үйлеріне күнқағарлар мен шатырына арналған суағарлар орнату 14 млн 309 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Тәуелсіздік көшесіне 57 опора орнату 14 млн 477 мың теңгеге, Сарышаған кентіне жол белгілері мен жасанды жол бөгеттерін орнату 5 млн 424 мың теңгеге, Сарышаған кентінің Ынтымақ көшесінде көше жарықтандыру тіректерін орнату жұмыстары – 15 млн 398 мың теңгеге, Сарышаған кентіне бейнебақылау камераларын орнату жұмыстары – 10 млн 500 мың теңгеге, Шашубай кентіне көше шамдарын орнату 4 млн 950 мың теңгеге, Шашубай кентінің Сейфуллин көшесі №1, №2 үйлерінің шатырын ағымдағы жөндеу - 12 млн 623 мың теңгеге, Шашубай кентіне балалар ойын алаңын орнату - 19 млн 643 мың теңгеге, Кежек ауылының Нұра көшесіне 20 дана көше шамдарын және КТП орнату 9 млн 522 мың теңгеге, Торанғалық ауылдық округі, Спорт көшесіндегі спорт және балалар ойын алаңының айналасына тас төсеу – 2 млн 598 мың теңгеге, Сәуле, Үшарал ауылдарына көше жарықтарын және КТП орнату жұмыстарына 18 млн 064 мың теңгеге, Абай ауылына көше шамдарын орнату жұмысы 10 млн 268 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы саябаққа қоршаулар орнату 13 млн 829 мың теңгеге, Нүркен ауылындағы көшелерге жарық диодты шамдарды ауыстыру және орнату жұмыстары 3 млн 077 мың теңгеге, Айыртас ауылына спорт алаңын орнату 7 млн 820 мың теңгеге, Ақтоғай ауылына көпфункционалдық корт орнату 25 млн 816 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу жұмыстары бойынша Сарышаған кенті 3 шағын ауданындағы №4 авариялық тұрғын үйді қалпына келтіру үшін жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу бойынша жұмыстар – 7 млн 143 мың теңгеге, Сарышаған кентіндегі су айдау станциясын тазарту қондырғысымен кеңейту бойынша жобалау-сметалық құжаттамасын аяқтау жұмысы – 3 млн 214 мың теңгеге, Ақтоғай ауданы әкімдігі ғимаратының шатырын күрделі жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу 1 млн 100 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы бойынша Шашубай және Сарышаған кенттеріндегі кентішілік автомобиль жолдарын орташа жөндеу жұмыстары 287 млн 645 мың теңгеге жарияланып, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Сонымен қатар, бірқатар басқа да аудандық маңыздағы жолдарды күтіп ұстау, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының техникалық қадағалау қызметтері, күзет қызметтері, компьютер, ноутбук сатып алу, дыбыс жазу студиясы жиынтығымен сатып алу, ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу жұмыстары (Сарышаған, Ақжайдақ, Қарасу ауылдарының су желілерінің, Кежек, Жалаңаш ауылдарының мал молалары, Ақтоғай ауылына бассейн салу) бойынша конкурстық рәсімдер жүргізіліп, жеңімпаздармен келісім-шартқа отырылды.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңдылықтар бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу жалғасын тауып келеді. Жыл басынан бері Қарағанды облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы мен Қарағанды облысының ішкі мемлекеттік аудит департаменті мамандарының бірлескен 2022 жылы мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 27 қаңтарда және 4 ақпанда, 30 қыркүйекте бейнеконференция режимінде семинар-кеңес өткізді. Семинар-кеңестің материалдары (хаттамалар, аудиожазбалар) ауданның барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне таратылды. Бөлімнің ұйымдастыруымен мемлекеттік сатып алу жөніндегі заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселелері бойынша 11 наурызда, 15 маусымда, 2-9 қарашада, 7 желтоқсанда бейнеконференция режимінде семинар-кеңес, 28 шілдеде бөлімнің инстаграм парақшасы арқылы тікелей эфир өткізілді. Аудан әкімдігінің 2022 жылдың 3 тоқсанына арналған қызықтық оқытудың жұмыс жоспарына сәйкес, 30 қыркүйекте, 8 желтоқсанда бейнеконференция режимінде ауданның бюджеттік бағдарлама әкімгерлерімен семинар-кеңес өткізіліп, тиісті тапсырмалар берілген.

26 сәуірде аудан орталығында «Астана Эрудит» ЖШС мен оқыту орталығының және «Электрондық қаржы орталығы» АҚ мамандарының ұйымдастыруымен 2 желтоқсанда Қарағанды қаласында «2022 жылы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алулар» тақырыбында семинар өтқізді. Семинарға аудандағы бюджеттік бағдарлама әкімгерлері, ауыл, ауылдық округ әкімдері, мемлекеттік сатып алумен айналысатын барлығы 27 адам, Қарағанды қаласында өткен семинарға 13 адам қатысты.

Мемлекеттік сатып алу заңдылықтарына және веб-порталына енгізілген өзгерістер туралы бөлім тарапынан барлық бюджеттік бағдарлама әкімгерлеріне хаттар жолданып, аудан әкімінің, экономика және қаржы бөлімінің ресми интернет ресурсында тоқсан сайын жарияланып отырылады. Сонымен қатар, «Agtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетіне жыл басынан бері аудандағы мемлекеттік сатып алу бойынша атқарылған жұмыстар жөнінде 4 рет мақалалар жарияланды. Бюджеттік бағдарлама әкімгерлерінің мамандары мен бухгалтерлері арасында іске қосылған әлеуметтік желі (ватсап) арқылы да түсіндірме жұмыстары үнемі жүргізілуде.

Барлық конкурстық рәсімдер уақытылы жарияланып, келісім-шартқа отыру қадағалануда. Бөлім бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-15-92 сенім телефоны жұмыс жасайды.

**П.Темирбек,**
**Ақтоғай ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы.**

*Қазақстан-2050: білім стандарты*

# Өнерлі бала өрге жүзер

Айбынды ақын, Алаш қайраткері М.Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, Жолбарыстай қайратты, Қырандай күшті қанатты мен жастарға сенемін» деген өлең жолдары күні бүгінге дейін өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Шынымен де, болашақ – жас өреннің еншісіндегі дүние. Сол себепті де жастардың жан-жақты дамуына, толыққанды білім алуына барынша күш салу өте маңызды. Ертеңгі ел тізгінін ұстайтын өскелең ұрпақтың тәрбиелі болып жетілуін де назардан тыс қалдырмаған әсте абзал. Осындайда ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Адамға




ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген ұлағатты сөзі еріксіз ойға орала береді. Ал, талшыбықтай жаңа ғана төлежіп келе жатқан балаларды бір арнаға бет бұрғызып, таным көкжиегін




кеңейтетін орта – мектеп болса, әліпті таяқ деп білмейтін, қоршаған ортадағы көп мағлұматтан бейхабар шәкірттің сауатын ашып, білім айдынына жетелейтін, ол – ұстаз.

«Кімде-кім халқынан алмаса тәлім, оны үйрете алмас ешбір мұғалім». Өскелең ұрпақты елжандылыққа және азаматтыққа тәрбиелеу, жоғары рухани құндылықтарды қалыптастыру, білім беру жүйесін одан әрмен жетілдіру мемлекеттік саясаттың негізгі басым бағыттарының бірі болып табылады. Осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, ел Президенті Қ.Тоқаев өз Жолдауында балалардың қолөнер мен шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысуы үшін «Балалар үйірмесі» қызметін қайта жандандыру туралы тапсырма берген болатын.

Мемлекет басшысының пәрменінің шеңберінде соңғы бірнеше жылда жүйелі жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асып келеді. Сонының жарқын дәлелі ретінде қазіргі таңда өрісі кеңейіп, өңір-өңірде есігін айқара ашып, жас өренді өнерге баулып жатқан қосымша білім беру жүйесін айтуға әбден болады.

Қосымша білім баланың мектепте алған білімін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ оның болашақ мамандығын таңдауына да негіз болады. Сонымен қатар, қосымша білім – тәрбие бастауы, тәрбиенің қайнар көзі. Отбасы тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі туралы кемеңгер Абай: «Адамның адамдық қасиеттерге ие болмағы, әуелі ақыл, ғылыммен болса, ол қызығу, денсаулыққа байланысты, қалғаны «жақсы ата-ана үлгісі, өнегесі» деген болатын. Яғни, баланың жақсы адам болып қалыптасуы бірінші кезекте отбасында алған тәлім-тәрбиесіне байланыстылығын ескерткен.

Қосымша білім беру елімізде қос бағытта жүзеге асып жатыр. Біріншісі, айталық, баланың өнер саласына кәсіптік бағытта бір мамандыққа әуестігі болса, оны осы салаға бейімдейді. Бұл – баланың ән айтуға не биге, аспапта ойнауы не болмаса, безендіру, бейнелеу өнеріне деген құмарлығы. Екінші жағынан, кәсіби тұрғыдан балаларды экономикалық ахуалға сәйкес, болашақ мамандығын дұрыс таңдауына жол ашады. Әдетте оқушының бойындағы әуестік пен қабілет 12-14 жас шамасында пайда болады. Егер баланың бейіміне қарай бағыт беріп, дұрыс бағдар көрсетіп, дем беріп жіберетін болса, осы қолдау оның болашағына оң өзгеріс әкелуіне ықпал етеді. Бұл – бала психологиясындағы заңдылық.

2021-2022 оқу жылының екінші жартыжылдығында ауданымызда «Қосымша білім беру орталығы» КМҚК-ның үйірмелері есіктерін айқара ашты. Қарағанды облысы білім басқармасының Ақтоғай ауданы білім бөліміне қарасты аталмыш орталықтың филиалдары бүгінгі таңда ауданға қарасты 8 мектепте жұмыс жасап жатыр.

«Жақсыны көрмек үшін» аптаның бел ортасында Ә.Бөкейхан атындағы мектепте қоныс тепкен «Қосымша білім беру орталығына» хабарласып, арнайы барып қайттық. Бізді күні бұрын хабарласқан аталмыш орталық директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Есімбек қарсы алды. Бұл орталықта 4 кабинет, оған қоса тігін цехы мен «Ағашты көркемдік ою» үйірмесі бар екен.

Жалпы, ауданымыз бойынша қосымша білім беру орталығында 7 үйірме бар. Әр үйірменің жетекшілері жастарды қабылдап, өнерге баулуға әзір. Оқырман қауымға түсінікті болу үшін әр үйірмеге жеке-жеке тоқталып өткенді жөн санадық.

Үйірмелердің көш басында «Робототехника» тұр. Жалпы, заман талабына сай әр уақытта, әр кезеңде жаңа мамандықтың туындауы заңдылық. Қазіргі технократтық дәуірде етек жайған саланың бірегейі – робототехника. Посткеңестік елдерден өзге мемлекет бүгінгі таңда робототехниканың «жілігін шағып, майын ішеді». Замана керуенінде артта қалып қоймас үшін зейінді жастарды аталмыш салаға баулу өте маңызды. Робототехника – роботтардың құрылысымен, жұмысы мен қолдануымен айналысатын, оған қоса оларды басқарумен айналысатын механикалық, электрлі инженерия мен компьютер ғылымдарының біріккен саласы. Сондай-ақ, роботтардан басқа автоматтандырылған техникалық жүйелер мен өндірістік үрдістердің ең жаңа техникалық жинақталуын әзірлеу мен қолдану жолдарын зерттейтін ғылым.



Іргесі қаланғанына көп болмаса да, осынау орталықтың оқушылары робототехника бойынша үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Мәселен, былтыр жыл аяғында Қарағанды шәрінде өткен халықаралық «Roboland» байқауында үздіктердің қатарына ілікті. Бұл дегеніміз, ұстаздардың табанды еңбегінің жемісі және оқушылардың зейінін аңғартады.

Бұдан бөлек, «Радиоэлектрика», «Ақпараттық технологиялар», «Ағашты көркемдік ою», «Аквапоника», «Гидропоника», «Өлкетану» сынды жаңа бағыттағы қосымшалар бар.

«Балаларға қосымша білім беру қазіргі қоғамда қалыптасқан қазіргі білім беру кеңістігінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Қосымша білім беру орталығымыздың оқу бағдарламалары білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен мамандардың жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған. Қосымша білім берудің басты ерекшелігі – баланың жеке қабілетін бейімдеу мүмкіндігі. Балаларға қосымша білім беру ұйымдары білім алушылардың жеке өзін-өзі анықтауы және шығармашылығын дамыту, олардың қабілеттерін іске асыру, қоғамдағы өмірге бейімделу, сондай-ақ, азаматтық сана-сезімді, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін барлық жағдайды жасайды.

Балалардың қабілеті мен табиғатына жақын, олардың қажеттіліктеріне сәйкес келетін, мүдделерін қанағаттандыратын нәрсені таңдайды. Бұл қосымша білім берудің шынайы мәні: ол ерте өзін-өзі анықтауға көмектеседі, әлеуметтік маңызды міндеттерді шешуіне мүмкіндік береді. Қосымша білім алған балалардың мектеп бітіргеннен кейін дұрыс таңдау жасауға көбірек мүмкіндіктері бар», – дейді Марсылан Мантайұлы.

Қосымша білім беру орталығы 4 бағыт бойынша жұмыс жасайды. Олар: ғылыми-техникалық, көркемдік-эстетикалық, экологиялық-биологиялық, туристік өлкетану. Айта кетерлігі, үйірмеге қатысу тегін. Қазір орталықта 27 мұғалім қызмет жасап, 360 бала білім алып жатыр.

Қорыта айтқанда, жас ұрпаққа тәрбие отбасында, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мектептерінде беріледі. Сондықтан, осы бала тәрбиелейтін орындар үйлесімді, бірігіп, жан-жақты жұмыс істесе, сонда ғана келер ұрпақ тәрбиелеуде үлкен жетістіктерге жетеді. Бұл орындардың арасында байланыс болмай, тәрбиеде табысқа жету мүмкін емес.

**Е.АЙТЖАН.**

*Дін – бірліктің діңгегі*

# Дін және қазақ халқының салт-дәстүрі

Ислам – ізгілік, адамгершілік діні. Ұлы тәлімгер Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге зияны тимейтін адам» – депті. Осыдан артық не айтуға болады? Ал, анасына «кәпірсің» деп тіл тигізіп, асын ішпей, келінге сәлем салдырмай, салт пен сүннетті «соғыстырып» жүрген кейбір жастар болса, бұл олардың діни білімсіздігінен деп білеміз. Оның көзқарасына бола Исламға үрке қарау дұрыс емес. Ол діннің кемшілігі емес. Дінді дұрыс түсіне білмеген, оны даналықпен өміріне ендіре алмаған адамның кінәсі. Дін мен дәстүрді хикметпен қабыстыра алмауында. Әйтпесе, кемелдік – Аллаға, кемшілік – адамға тән екені белгілі ғой. Есті де ақылды адамдардың барлығы да бір үлкен сенімнің керек екенін сезеді. Тазалықтың қажетін біледі. Ендеше, сол іздеген сенімдер мен жақсылықтардың бәрінің бастауында Ислам тұр. Кез келген адамзат баласының негізгі рухани ұстанымы болады десек, ол – ұлты, діні және Отаны. Міне, осы үштаған, сіздің үш тірегіңіз. Қай елге, қай жерге бармаңыз, «Сіз кімсіз?» дегенде ұлтым – Қазақ, дінім – Ислам, Отаным – Қазақстан дейсіз және оны мақтанышпен, нық айтасыз. Өйткені, сіздің көңіліңізде мен адамзат құндылықтарының негізі қалыптасқан, іздеуші, сұраушысы бар, сан ғасырлық тарихы бар қазақ ұлтының өкілімін деген сенім тұрады. Ұлт болуымыздың өзі бір Алладан болғандықтан, оған жету жолы да ата-бабамыз ұстанған салт-дәстүрмен біте қайнасып кеткен таза Исламда. Ал, енді ұлттық салт-дәстүрлер туралы айтар болсақ, олар Исламға дейінгі заманнан бастау алып, Ислам арқылы шариғат пен сүннетке негізделіп, күні бүгінге дейін жалғасып келе жатқан біздің өмір сүру дағдымыз болып табылады. Халқымыздың салт-дәстүрінің кез келген түрінің түбінде ислами тамыр жатқанын байқаймыз. Дүниеге келген баланың азан шақырылып ат қойылғанынан бастап, дүниеден өткен адамның жаназасын оқып, жер қойнына бергенге дейін, яғни тал бесік пен жер бесікке дейінгі аралықта көптеген дәстүрлеріміздің Исламнан нәр алғанын байқайсыз. Сондықтан да, Ислам мен дәстүріміздің арасындағы қарым–қатынас өте тығыз, айырып, ажырату оңай емес. Мәселен, кешегі кеңестік кезенде бізге шариғатқа қайшы келетін арақ ішуді, доңыз етін жеуді насихаттады. Ал, қазақтардың бұрыннан қоректеніп келе жатқан қымызы мен шұбаты ешқандай шариғатқа қайшы емес. Сонымен қатар, біздің қыз қуу, көкпар, алтыбақан, бәйге т.б. ұлттық ойындарымыздың барлығы ешқандай құмар ойынға жатпайды. Келіннің ата-енесіне, т.б. үлкендерге сәлем салуын ширкке жатқызатындар да шықты, яғни Құдайға серік қосу. Келін сәлем салу арқылы Алла тағалаға серік қосып тұрған жоқ, ата-енеге сый-құрмет, ізет көрсетіп тұр деген қарапайым түсінікті ұққысы келмесе не айтуға болады. Жалпы серік қосу мен ізетті шатастырмау керек. Серік қосу деген не? Егер «Құдай көп» десең, ол серік қосу болады. Бұл жерде келін ата-енеге ізет көрсетіп тұр ғой. Бұл – ата-бабадан келе жатқан қазақтың керемет дәстүрлерінің бірі. Сондықтан, ата-баба дәстүріне шабуыл жасауға жол бермеуіміз керек. Ал, ұлттың құндылығы – мәңгі өзімен бірге жасасып келе жатқан тілінде, салт-дәстүрінде, ұлттық өнерінде. Оларды бір-бірінен бөліп те қарай алмаймыз. Себебі, олар бірін-бірі толықтыра отырып, тұтас бір ұлттың болмысын құрайды. Біздің қазақтың ұлттық және діни дәстүрлерінің саналы әрі тәрбиелі ұрпақ қалыптастырудағы рөлі ұшан-теңіз. Тәрбие ана құрсағынан басталып-ақ кетеді дейді ғылыми тұжырым. Олай болса, бала дүниеге келмей тұрып басталатын «Құрсақ шашу», бала дүниеге келе салысымен болатын «Сүйінші сұрау», «Азан шақырып ат қою», «Шілдехана тойы», «Бесікке салу», «Қырқынан шығару» – бәрі-бәрінің өзіндік тәрбиелік орны, маңызы бар екені анық. Бүгінде жарты әлемнің ғалымдары мойындаған көшпенді мәдениетінің әлемдік өркениетте ықпалы, үлесі жайлы ойласақ, қазақ халқының ұлттық ұстанымы, түсінік-танымы, салт-дәстүрі, өмір сүру қағидалары ерікkеннің ермегі емес екеніне толық көзіміз жетер еді. Қайырымдылықтың үлкені – білімге жасалған қамқорлық. Салт-дәстүрлер тек қана тәлім-тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделіп отырған. Ол туралы кеңінен таратып айтуды біздің бұл шағын мақаламыз көтермейді. Мәселен, аруақты сыйлау туралы бір ғана сөзбен тоқталсақ, бұл жерде мәселе марқұмның жетісі, қырқы, жылын атап мал союда емес, мәселе – ағайын-туыс, құда-жекжатқа көңіл айтып, қайғысына ортақтасуда. Ойлап көріңізші, кісісі өліп қаралы болған туысына, досына Атыраудан – Алтайға, Қызылжардан – Қызылордаға, Баян-Өлкеден – Баянауылға келетін кім? Ол – Қазақ. Топырақ салысуға үлгерейік, немесе жетісінде бет көрісейік, қырқына барамыз деп, бет көрмесе мынау тірлікте өзін кінәлі сезінетін халық кім? Сол біздің – Қазақ. Өлімнің артын күтудің өзі – Қазақ үшін бірлік пен берекенің, ұят пен ардың нышаны. Ендеше, арыдан ойлар болсақ, осылардан айырылсақ, біртұтас халқымыздың елі мен жерінің тұтастығына сызат түспей ме?!

Дәстүрдің бір сипаты – тұрақтылығында. Оны қаласа өзгертіп, қаламаса өшіріп тастайтын бір адамның меншігі емес. Дәстүрдің тағы бір артықшылығы – оның өміршеңдігінде, қанға сіңіп, күнделікті өмірге қалыптасқандығында. Егер әдет-ғұрып шариғатқа қайшы келмесе, оған Ислам діні тыйым салмайды. Тіпті шариғат үкімі бойынша шетелден келгендер жергілікті халық намазды қалай оқыса, олар да солай оқуы тиіс. Сондықтан, шетелдіктердің бізге келіп, өзге дәстүрді насихаттауға қақысы жоқ. Ал, олар өз еліне, үйіне барғанда намазын жатып оқи ма, тұрып оқи ма, оны өзі біледі. Бірақ мешітте, көпшілік орында жергілікті халықтың дәстүрімен санасуы міндет. Сондықтан, дін мен дәстүрді біте қайнастыру үшін халықтың діни сауатын арттырып, оған мемлекет тарапынан қолдау көрсетуді әлі де күшейтуіміз қажет. Біраз жылдан бері «хиджаб» деген сөз шығарып алып талқыға салып, әуреленудеміз. Хиджаб – жамылғы деген мағынаны білдіретін араб сөзі. Арабтар Ислам дінінен бұрын осы киімді киген. Ал, «никаб», «пәренжені» Ауғанстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Иран халықтары қолданады. Ал, біздің қазақтың киімі де Ислам мәдениетімен тығыз байланысты болған. Себебі, шариғатта қолдың білезігінен аяқтың тобығына дейін әйелдердің денесі жабық болуы керек делінген. Қазақтың бұрынғы киімінде кеудесі ашық, немесе етегі тізеден келетін киімдер болды ма? Жоқ. Демек, қазақтың киімінің шариғатқа ешқандай қайшылығы жоқ деген сөз. Қазақтың қыздары қызыл көйлек, қызыл бешпет, үкілі қызыл кепеш киген. Кейінгі заманға лайық етіп, үкілі қызыл кепешті қызыл орамалмен ауыстырған. Келін болмай тұрып, басына ақ тартпаған. Міне, қазақ осылайша, келін мен қызды ажырататын болған. Қара – қайғының белгісі, сондықтан одан қазақ қыздары қашық болған. Қазір де көп жерде осы дәстүр сақталған. Мәселен, орта ғасырларда күллі Ислам дүниесінде қалыптасқан, қазақ халқы да шет қалмаған бір игі дәстүр бар. Қалам ұстаған кез келген сөз зергері әңгімесін Алла атымен бастап, тырнақалды туындысын дін исламның қағидаларын зерттеп-зерделеуге, талдап-түсіндіруге арнаған. Бұл білгенін білмегендермен бөлісу, өзгеге жеткізе отырып, өз білігін жетілдіру мақсаты еді. Қазақта Ыбырай Алтынсариннің «Мұсылманшылық тұтқасы», Абайдың «Қарасөздері», Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты», Мәшһүр Жүсіптің «Қара местегі» жиған-тергендері осы дәстүрдің заңды жалғасы іспетті. Аталған ғұламаларымыз бізге өз мүмкіндігі шегінде өздері таныған шындықты жеткізуге тырысты. Өз білігін жинақтау, жетілдіру барысында ой бөлісті. Мүмкін олардың еңбектерінде де кемшіліктер бар болар. Бірақ, түпкілікті ақиқатты тану ажалды пенденің бәріне бұйыра бермесі белгілі. Сондықтан, ұлтымыздың маңдайына бұйырған ұлылардың ұстанымдарына құрметпен қарап, туындыларын талдап-таразылап, танып, пайдаланып қана қоймай, қажет кезінде сын көзбен қарап, жетілдіріп отыру да бәрімізге парыз. Ал, Абай мен Шәкәрім пікірлерінің дінаралық түсіністікке қаншалықты негіз бола алатыны – дербес әңгіменің арқауы. Ойашар ретінде айтарымыз: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген сөзді мәмілегер ұлттың құшағында өскен Абай ақын айтты. Сайын даланы санасына да, жүрегіне де сыйдырған ұлттың өкілі Шәкәрім: «О дүние, дүние! Шындыққа сонда кім ие?» – деп діндер мәселесіне әлемдік деңгейдегі биіктен көз салуға тырысты. Ұлылардың болмысы ұлт болмысынан бөлек емес. Ұлт болмысы имани ұстанымдарсыз қалыптаспайды. Дін мен ұлттық мүддені аталарымыз ешқашан бөліп қарамаған. Енді ол ұстанымды бүгін бөлудің ешбір қажеттілігі де, негізі де жоқ. Естілердің сөзін ескеріп өскен, тағдыр табыстырған ұлттар мен ұлыстарды бауырына баса білген қазақ ұлты осы ұстанымда болуы қажет деп ойлаймын. Бүкіл жер шарындағы 7 млрд адамның қай-қайсысы да белгілі бір ұлт өкіліне жатады. Қай ұлтты алып қарасаңыз да дәстүрге негізделген тұрмыс-тіршілігі, кәсібі, соның ыңғайындағы тарихы, мәдениеті, өркениеті бар. Құран Кәрімнің Хұжурат сүресінде: «Бір-бірінді танып, ажырата білулерің үшін сендерді әртүрлі ұлтқа, тайпа-тайпаға бөлдік», – деп жазылған. Құран Кәрімдегі аятты және тіл төңірегіндегі сан-салалы, құпиялы, тарихи толғамдарды ой елегінен өткізген ойлы адам тілдердің әркилылығы, түріміздің, дініміздің басқа-басқа болуының бәрі Жаратушының хикметінен екен деген қорытындыға келері хақ. Тіл, дін, дәстүр үштігінің бірлігін берік қалыптастырған рухани күшті тұлғалардан құралған ұлт қана жаһандану тасқынындағы түрлі толқындарға қарсы тұра алмақ. Қазіргі қазақ қоғамына әр дербес ұлттың жаны мен қаны бөлектігі Алла тағаладан екенін түсінетін, Асан қайғыдай, Бұқардай, Абайдай, Алаш қайраткерлеріндей туған халқына жан-жүрегімен құлдық ұратын, ұлттық рухы зор ұрпақ тәрбиелеу бүгінгі біздің буынға парыз. Ұлттық әдет-ғұрпыңа, ата салтына айналып кеткен дәстүрлерді діни сенімге нұқсан келтіреді деп қаралау дін мен ұлттық мәдениетімізді бір-біріне қарама-қайшы қоюға әкеліп соқтырады. Ал, оның әртүрлі зардаптарға ұрындыруы мүмкін. Мұсылмандық ата-бабамыздан бері шариғатқа сай қалыптасқан ұлттық дәстүрімізге нұқсан келтірмеуге тиіс. Не болса соны «мұсылман дінінде олай емес» дегенді айтып, ата салтымыздан, ұлттық ғұрып, ұлттық ерекшеліктерімізден бас тарта берсек, ежелден қалыптасқан өзіндік салт-дәстүрден ештеңесі де жоқ, кеше ғана пайда болған халық сияқтанып қаламыз ғой. Кез келген ұлттың жүріп өткен жолы мен ұзынсонар тарихы болады. Содан әр ел өмірлік сабақ алып, болашағына болжам жасайды. Ұлыстың ұлы күнін тойлау да, жеті атаға дейін қыз алыспау да, тәбәрік тарату, ата-бабалар мазарына зиярат жасау секілді ғұрыптар, әрине, мұсылман дінінде нақтылап айтсақ, араб халқында жоқ. Сонда бұлар арабтарда жоқ екен деп біз бас тартуымыз керек пе?!. Әлде, жеті атадан бері қыз алысып-беріспейтін дәстүрімізді тәрк етуіміз керек пе? Ендеше, біздің дәстүр-салтымыздың бәрі мұсылман дінінен ауытқулық немесе қарсылық емес, ежелден қалыптасқан әдет-ғұрып. Сол әдет-ғұрыптың бәрі де мұсылман дінімен ымыраласа жүріп жатқанын, яғни, Құран оқу арқылы жүзеге асып жатқанын көріп-біліп жүрміз емес пе? Құран Кәрімде Алла тағала ешқашанда ешбір ұлттың өз салтына тыйым салмаған, тек адам болуды және Алланы ұмытпауды, өзіне құлшылық жасауды ғана талап еткен. Өйткені, Алла тағала тек рухани тазалықты ғана бағалайды және іс-әрекеттің өзін емес, оған арқау болған ниетті негіз етеді. Қазақ аруақты сыйлайды. Ал, аруақ кім? Ол кеше өмірде болған адам. Ендеше, оларға құрмет қыла білмеген, тіпті айналасындағыларға жақсылық жасай алмаған адам қалай ғана Алланы қадірлей аламын деп айта алады. Ал, аруақты сыйлау, оған табыну емес, өйткені біз буддистер секілді ойламайтынымыз белгілі ғой. Адамды (мейлі өлген, мейлі тірі) сыйламаған адам Құдайды да сыйлап жарытпайды ғой. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келген салт-дәстүріне соқтығуы, діннің өзінен емес, қайдағы бір секталардың сойылын соғушылардан болады. Исламның атын жамылған секталар көп. Осынау секталардың ешқайсысы дұрыс емес екені айтылып, жазылуда. Әйтпесе, 1000 жыл бойы әрі мұсылман, әрі түрік-қазақ болып келген біздің ұлтымыз қалай ғана 2000 жылдан былай қарай өзінің осыған дейінгі ұлттық дәстүрінен безуі, тек арабтар қалай істесе, соны қайталауы керек болды екен? деген сауалды біз оларға қоя білуіміз керек. Ағым, секталардың сойылын соғушылар мен дүмшелер күпірлік қыла отырып, өзгелерді күпірлік қылдыңдар дейді, кәпірлік қыла отырып, өзгелерді кәпір дейді, хақ Исламды қатырып, семдіреді. Үрейлі, қорқынышты, қатал дінге айналдырып, адамдар жүрегіндегі Исламның беделін түсіреді. Ұлттық салттарға, жеке адамның талғамына, адамдық өмір жолдарына, рухани дербестігіне қарсы қағидаларды тап бір өздері пайғамбар дәрежесінде отырғандай болып теріс түсініктемелер мен пәтуалар айтып адамдарды үрейге бөлейді, алаңдатады. Олар ізгілік туралы айта тұрып, ізгі салттар мен сезімдерді қаралайды, мейірбандық туралы айта тұрып, бәріне тасбауыр қаталдық танытады. Ғайбатты жамандай тұрып, адамдардың күнәсі жөнінде ғайбат айтады. Құдайдың биіктігі мен құдіреттілігі туралы айта отырып, сол Құдайдың не істейтінін өздерінше кесіп-пішіп, сәуегейлік айтпақ болады. Тек мен сенетін секталық таным ғана дұп-дұрыс, ал басқалар, яғни аруаққа арнап дұға оқушылар мен мал шалып, туыс-туғандарды жинап жетісін, нәзірін, қырқын, жылдығын беру салттарын орындап жүргендер кәпір деп қасарысады. Құдайдың оларды кәпір деп ойлар ойламасы жөніндегі сәуегейлікті кім берді? Олардың бұл құқығы Құранның талаптарынан асып кеткен жоқ па? Ал, хадистер Құранға балама бола алмайды, өйткені ол кейінгілердің еске алуы. Мұсылман болу үшін тек мұсылмандық сауат болуы жеткіліксіз. Ұлттық (қазақтық) ар болуы керек. мұсылмандықты қазақы салттармен орындаймыз және ұлттық дәстүр ерекшеліктерімізді де қастерлейміз. Онсыз біз мұсылман болып жарытпаймыз және мұсылман боламыз деп артық тыраштанудың өзі бізді о дүниеде жәннатқа апаруына кепілдік жоқ екені айқын. Ал, бұл дүниеде өзіңнің асылдарыңды түгелдей қаралап, өзгелердің қаңсығына өмешегін үзу қазақ ұлтын азғындатып, тозғындатып, тамырынан айырылған қарағайдай қуратуы да мүмкін екендігін ешқашан естен шығармауымыз керек.

**Ауданның ішкі саясат бөлімі.**

# 2023 жылы тойланатын мерейтойлар мен атаулы күндер

### Қожа Ахмет Ясауидің туғанына – 930 жыл

Қожа Ахмет Ясауидің шығармашылығы сопылық ағымның түркілік дәстүріне даңғыл жол салды. Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы - «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы) қыпшақ диалектілерімен көне түркі тілінде жазылған. Өкінішке қарай туындының түпнұсқасы біздің заманымызға жетпеген. Бізге жеткені XV-XVI ғасырлардағы көшірмесі ғана. Ондай нұсқалары өте көп. Олардың көбі Ыстанбұл, Қоқан, Ташкент, Мәскеу, Алматыда сақталған. Ұстазы – Арыстан баб.

### Сұлтан Бейбарыстың туғанына – 800 жыл

Сұлтан Бейбарыс-Мәмлүк мемлекетінің төртінші сұлтаны әл-Мәлік әз-Заһир Рукн-әд-дін Бейбарыс. Беріш руынан туған. Жаугершілік заманда, бала күнінде Қыпшақ даласында тұтқынға алынып, жат жерде ерекше ерлігімен, асқан талантымен құлдықтан қайраткерлікке дейін көтерілген, қазақ тарихындағы аса ғажайып тұлға.

1250 жыл шамасында мәмліктердің әскери әмірі болып тағайындалған. Сұлтан Бейбарыс Мысыр мен Шам еліне билік құрған 1260-77 жылдар аралығында крест жорықтарының беті қайтарылып, моңғол қосындарының шапқыншылығы тойтарылды. Бейбарыс тек қана талантты қолбасшы ғана емес, сондай-ақ, көреген саясаткер ретінде танылды.

### Төле бидің туғанына – 360 жыл

Дулат тайпасының жаныс руынан шыққан Төле би 1663 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу өңірінде туған. Қазақтың қоғам қайраткері, шешен, Ұлы жүздің бас биі, Қазыбек, Әйтеке бидің қолдауымен үш жүзге төбе би болып сайланған. Артында «бүтін билікке Төле би жеткен» деген сөз қалған тарихи тұлға. Өз заманында Қазақ хандығының тұтастығы үшін күрескен қайраткер Төле би халқының шешендік-поэтикалық өнерінің дәстүрлерін жастайынан бойына сіңіріп өскен, зерделі, сауатты адам болған. 15-20 жасынан билердің бас қосқан жиналысына қатысып, өзінің әділдігі мен шешендік өнері арқасында таныла бастаған. Төле би Тәуке ханның, Абылай ханның тұсында ел арасындағы әртүрлі дауларды шешуге атсалысқан.

### Құрманғазы Сағырбайұлының туғанына – 200 жыл

Күйші-композитор, домбырашы Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1896) әңгімешіл, өте зерек, өтірік пен жаланы жек көретін адам болған. Аяусыз азап пен қитұрқы саясатқа бар болмысымен қарсы шыққан күйшінің жарты ғұмыры айдауда өтті. Құрманғазы алты рет абақтыға қамалып, босап шыққан. Өмірінің соңғы күндерінде тыныш өмір сүріп, өзі тұрған жерде 1889 жылы қайтыс болады. Топырақ бұйырған орны «Құрманғазы төбесі» аталған, бұрынғы «Шайтани батаға», Ресейдің Астрахань облысы.

### Аманкелді Имановтың туғанына – 150 жыл

Аманкелді Иманов – Кенесары ханның үзеңгілес серігі, Иман батырдың ұрпағы. Мерген, шабандоз, жігерлі, еркіндікті жақсы көретін батыр 1905-1907 жылдардағы өкіметке қарсы көтерілістерге қатысты. 1910 жылы Аманкелдінің руы өмір сүрген Терісбұтақ ауылында оның бастамасы бойынша мектеп салынды.

Аманкелді Имановтың есімі қазақ халқының тарихындағы аса бір даңқты кезең – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліспен тығыз байланысты. Империализм қайшылықтарының шегіне жете шиеленісуінің нағыз айғағы болған бұл көтеріліс патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы бағытталып, халықтың бостандығын көздеді. Осы кезеңде Аманкелдінің ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты айқын көрінді. Оның қоластындағы 50 мың сарбазы ерліктің, табандылықтың тамаша үлгісін көрсетті.

*Жаңа 2023 жылға да аяқ бастық. Бұл жыл қазақстандықтар үшін жаңашылдықтарға толы болмақ. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандықтарды күтіп тұрған өзгерістерді назарларыңызға ұсындық.*

# Қоян жылы Қазақстанға қандай өзгерістер алып келеді?

### Зейнетақы өседі

Елімізде ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы 2023 жылдан бастап 40 567 теңгені құрайды. Бұған қоса базалық зейнетақы мөлшерін біртіндеп ЕКД көлемінен 70 пайызға дейін арттыру көзделіп отыр. Мәселен, бірінші кезеңде 2023 жылдан бастап күнкөріс деңгейінің 60 пайызын құрайтын болады, яғни 24 341 теңге болуға тиіс. Ең төменгі зейнетақы көлемі (1998 жылға дейін толық еңбек өтілі бар қазақстандықтар үшін ортақ зейнетақы төлемі) жоспарланғандай, келесі жылдан бастап 53 076 теңгені құрайды, бұл сома былтырғы жылмен салыстырғанда 10,5 пайызға артық. Сол сияқты жас бойынша бекітілген зейнетақы төлемдері мен сол жасқа жету бойынша төленетін төлем 10,5 пайызға артады.

### Айлық есептік көрсеткіш көлемі ұлғаяды

2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш 3 450 теңгені құрайды. Айта кетейік, 2022 жылдың 1 сәуірінен бастап АЕК-тің екі мөлшері қолданылып жүр. Алғашқысы жәрдемақы мен басқа да әлеуметтік төлемдерді (3 180 теңге) төлеуге пайдаланса, екіншісі – айыппұлдар мен салық және басқа да төлемдер үшін қолданылады (3 063 теңге). Ал, жаңа жылдан бастап сәуірде енгізілген көрсеткішке қарағанда



8,5 пайызға артық болатын бірыңғай сома қолданысқа енгізілетін болады. Осылайша, 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап АЕК және ең төмен күнкөріс деңгейіне байланысты Қазақстанда зейнетақы, жәрдемақы, айыппұл мен салық және т.б. төлемдер мөлшері ұлғаятын болады.

### Бала күтімі бойынша төлем мерзімі 1,5 жылға дейін ұзарады

Ата-аналар 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап балаларымен ұзағырақ уақыт өткізуге мүмкіндік алады. Еңбек министрлігі атап өткендей, бала күтімі бойынша төлем мерзімін 1 жастан 1,5 жасқа дейін ұлғайту жұмыс істейтін де, жұмыс істемейтін де ата-аналарға қолданылатын болады. Бұл қадамды іске асыру шеңберінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жұмыс істемейтін аналар үшін республикалық бюджеттен қаржыландыруға қосымша қажеттілік бойынша есептеулер дайындады. Аталған мақсатқа республикалық бюджетте қосымша 183,5 миллиард теңге қарастырылатын болады.

### Өрт сөндірушілердің жалақысы ұлғаяды

Төтенше жағдайлар министрлігінің мәліметінше, өрт сөндірушілердің жалақысын 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 10 пайыздан 70 пайызға дейін көтеру жоспарлануда. 70 пайыз – қатардағы қызметкер үшін, қызметке енді ғана кіріскен жатқандар үшін ең жоғары өсім. Ал, 10 пайыз өсім басшылық құрамдағы қызметкерлерге, яғни оған өрт сөндіру қызметінің басшылары, төтенше жағдайлар қызметінің бастықтары жатады. Юрий Ильиннің сөзінше, қазір өрт сөндірушілер кемінде 110 000 теңге айлық алады.

### Еліміздегі барлық дерлік мектеп бес күндік жұмыс форматына көшеді

Бұл туралы өткен жылы Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов педагогтардың республикалық тамыз конференциясында: «Келесі жылдан бастап үш ауысымда оқитын мектептерден басқа барлық мектеп бес күндік жұмыс форматына көшеді. Біз осыған қатысты шешім қабылдадық. Бұл мектеп директорларына, оның орынбасарларына, мұғалімдерге және барлық қызметкерге қатысты. Мұғалімдер сенбі күні демалып, балаларының қасында болуы керек деп есептейміз. Бұл оқу жылының созылуы және оқу жүктемесінің қысқаруы есебінен жүзеге асырылады», – деген болатын.

### Қазақстан мектептері кезең-кезеңмен 12 жылдық білім беруге көшеді

Бұл туралы Оқу-ағарту министрі министрліктің кеңейтілген алқа мәжілісінде айтқан болатын. «Орта білімді дамыту үшін латын графикасын енгізе отырып, 2023 жылдан бастап 12 жылдық оқытуға кезең-кезеңмен көшу көзделіп отыр. Ол үшін біз өте ауқымды жұмыс атқаруымыз керек», – деген еді Аймағамбетов. Осыған орай мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары да жаңартылады.

### Мұғалімдердің жалақысы тағы да өседі

Қазақстандағы педагогтердің жалақысы 2023 жылы қаңтардан бастап тағы 25 пайызға артады. Сонымен қатар, мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыруға ерекше назар аударылады. Айта кетейік, мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен педагогтердің жалақысы 2020 жылдың қаңтарында 25 пайызға, 2021 жылдың қаңтарында тағы 25 пайызға өскен болатын.

Сондай-ақ, жалақысы 70 мың теңгеге дейінгі 1,8 миллионға жуық жалдамалы жұмыскердің жалақысы өседі.

Жыл сайынғы дәрігерлердің жалақысын арттыруды ескере отырып, 2023 жылы 550 мың теңгеге дейін ұлғайту қарастырылған, бұл экономика бойынша орташа жалақымен салыстырғанда 2,5 есе жоғары.

### Мобильді аударымдар туралы мәлімет салық органдарына беріле бастайды

2023 жылы банктер салық органдарына тек шенеуніктердің ақша аударымдары туралы ғана ақпарат бере бастайды. Еске сала кетейік, 2022 жылдың 15 сәуірінде кезең-кезеңімен жүзеге асатын, салық органы кәсіпкерлік қызметтен табыс алатын адамдар туралы ақпарат сұрап, тексеретін заң күшіне енді. Мәліметтерді беру 2023 жылы басталады және тек қана мемлекеттік қызметшілер мен олардың жұбайлары, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор қызметкерлерге қатысты. Мәліметтер үш ай қатарынан әртүрлі адамдардан айына 100-ден астам аударым алса ғана беріледі.

**(Материал ғаламтордан алынды).**

*Редакция қоржынынан*

# Шетелде білім алған қазақ жастарынан қайыр бар ма?

*Бүгінде мектеп қабырғасын тәмамдаған әрбір екінші жасөспірім өз елінде емес, шетелде білім алуды жөн көрді. Он сегізге толған жас ұрпақ ата-анасын, елін тастап, өзге елге білім алуға неге құмар?!. Алайда, қаншалықты елін аңсай қоятыны күмән туғызады. Неге еліміздің дамуына үлес қоспасқа? Кіндік қаны тамған, бар балалық шағы өткен жер емес, бөтен елдің жақын болғаны ма? – деген сұрақтар басыңды ауыртады. Әлбетте, қазіргі заманда білімі болмаса, жақсы өмір сүруі екіталай екенін түсінген жастар мен ата-аналар барынша сапалы білім беретін жер іздейді. Осы кезде елімізде сапалы білім алуға не кедергі? – деген сұрақтың пайда болатыны анық.*

*Жастардың көбісі шет елдерге кетіп жатқандықтан, Қазақстанда нанотехнология, логистика, инженерлік секілді қазіргі заманға қажетті біраз мамандықтар дамымай қалып жатқаны баршаға аян. Әрине, жастар шетелге барып, айтарлықтай тәжірибе жинап келіп жатса, құптарлық жағдай. Бірақ, бөтен елде қалып, өз елінен өзге елді ыстық көретіндерді естігенде айтарға сөз таппайсың. Мүмкін, жас ұрпақтарда патриоттық сезім оянып, елің үшін, жерім үшін деп сұраса, қазір еліміз дамыған он елдің қатарына кірер ме еді?!.*

*Дәл қазір ауыз қисық болса да, бай баласы сөйлесін деген заман болғандықтан, жастарды жұмыспен қамту мәселесі шешімін таппай келеді. Алатын дипломды алған соң, екі қолға бір күрек таппай жүретін жастар қаншама? Оны көрген шетелде білім алып жатқандардың өз еліне қалуына барынша жағдай жасалатынын берген мүмкіншіліктерінен көруге болады. Статистикалық деректерге сүйенсек, елдегі 29 жасқа дейінгі жастардың 45 пайызы шетелге кетуге құмар көрінеді.*

*Бұл жағдайда мектеп бітіруші жас түлектің басты кедергісі – Ұлттық бірыңғай тестілеу. Мысалға Қытай, Түркістан, Оңтүстік Корея, АҚШ сияқты елдерде өзге елден келген студенттерге грант жағынан да, өмір сүру жағынан да жағдай жасалған. Сондықтан, әрбір жас түлектің ойына «мүмкін шетелге оқуға түссем бе?» деген ойдың келетіні сөзсіз. Көбінесе шет-ел асып жатқан қазақ жастары онда біреу мәртебелі жұмыспен, жоғарғы жалақы беремін деп күтіп отырғандай, асыға кетеді. Бірақ, өзге елдің тұрмысына сіңісіп, адамдары мен жат дәстүрге үйренісу, бұл да бір қиындық екенін түсіне қоймайды.*

*Бірден биіктен көріну – оңай шаруа емес. Ол үшін ортаңда өзіңді әрқашан көрсете білуің қажет. Дамимын деген адам қайда жүрсе де өзін жетілдіреді. Ал, бұл елде білім алу, даму мүмкін емес деген.*

*Менің ойымша, жалқаудың әңгімесі. Өз елінде, өз қалаңда жүріп, түк істей алмасаң, діні менен тілі басқа жерде бәрі керемет болады дей алмаймын. Жастардың көбі шетелге барып оқимын, дамимын деп емес, бақытын басқа елден іздегендердің көбі қаржы жағынан көп пайда табу үшін екендігі шындық. Ал, ата-ана: «Дұрыс, шетелде болсын, қазір анау-мынау шетелде оқи бермейді» деп қолдап жатады. Ол дұрыс қой, бірақ елге деген патриоттық сезім болмаған соң, кезінде ата-бабаларымыз кім үшін, не үшін қанын төгіп, елімізді қорғады деп ойланасың. Бара сала дамып кетем, байып кетем деген ойдан арылу қажет. Сен өз еліңнен таппаған бақты өзге елден бірден таба қоясың деп ойламаймын.*

***Б.Сәденова,***
***Ақтоғай ауылы.***

# Менің оқыған кітабым

Шығыс шәйірлерінің қатарын толықтырған әлемге әйгілі қырғыз жазушысы Шыңғыс Айтматов шығармалары мені ерекше таңқалдырды. Шынайы өмірді суреттейтін «Қош бол, Гүлсары» туындысының киносын көріп, шынайылығына қайран қалдым. Осыдан бастап жазушы шығармаларына қызығып, ден қоя бастадым.

Көркем шығармадағы Танабай образы Ұлы Отан соғысынан кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстары кезеңіндегі әр ауылға тән болған ауыртпашылық. Шығармадағы адам тағдыры мен ат тағдыры, сауатсыз қоғамдағы шолақ белсенділердің асыра сілтеуінен маңдайлары тасқа соғылып жатады. Танабай колхоздың берген атын бағып-баптап, оның хас жүйрік екенін тани біледі. Сол төңіректегі жарыстардың алдын бермейтін жүйрікке айналады. Ата-әжелеріміздің айтуы бойынша сол уақыттағы басқармалар, атқамінерлер кімде тәуір жылқы бар, соны тартып мінеді екен. Қарсыласуға дәрмен жоқ. Салт мінеді немесе арба-шанаға жегеді. Ол кезде техника мүлдем болмағандықтан, жылқы ең жүйрік көлік. Жасынан бірге өскен, майдан даласында бірге болған партком досы осы келеңсіз көріністердің, қиянаттың бәрін көзбен көріп тұрып, досы Танабайды арашалауға дәрменсіз. Тумысынан адал, кісінің ала жібін аттамайтын Танабай үшін мұндай қорлыққа, бассыздыққа шыдау өліммен тең еді. Досымен осы үшін де көп келіспей қалады. Гүлсары айғырды үкімет белсенділері күштеп қаншама рет алып кетсе де, есебін тауып үйіріне, иесі Танабайға қашып келуі оқырманды тебірентпей қоймайды. Бұл шығарма жылқы мен адам арасындағы керемет сүйіспеншілікке құралған. Жылқы мен адам арқылы сол кездегі қоғамдағы әлеуметтік ахуалды, сауатсыз адамдар ой-өрісінің таяз деңгейін жазушы ғаламат суреттеген. Тура ауылының жанына келіп тұрып, қайтыс болған досына топырақ та сала алмай, Танабай ақыры жазықсыз түрмеге жабылады.

Танабайдың көрмеген қиыншылығы жоқ. Тағдыр ерте қартайтқан Танабай жол үстінде тұлпары өліп, соңы трагедиямен аяқталады. Қандай өкінішті. Осы бір ғана шығарма мені Шыңғыс әлеміне жетелеп ала жөнелді. Кітап оқуға деген құмарлығым да артты. Бүгінде мен Тораңғалық ауылындағы кітапхананың тұрақты оқырманына айналдым.

**А.Арыстанбек,**
**студент.**

# Тәуелсіздік – таң нұры

Тәуелсіздік! Неткен киелі сөз. Тәуелсіздік – ең басты құндылығымыз. Себебі, сонау қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқы үшін қымбатқа түскен, ғасырлар бойы ата-бабамыздың аңсаған арманы осы тәуелсіздік еді ғой. Қазіргі біздер егеменді елде бейбіт, тыныш өмір сүріп жатқан бақытты ұрпақ болып табыламыз.

Әлемде екі жүз қырыққа жуық мемлекет бар. Алайда, оның ішінде күні бүгінге дейін басқа мемлекетке бағыныштты өмір кешіп, тәуелсіздігін армандағаны қаншама. Ал, Қазақстан болса егемендігін алған жас мемлекет. Армандаған азаттықты алып, халықаралық деңгейде толыққанды өмір сүріп келе жатқанымызға 31 жыл болмақ. 31 жыл ішінде Қазақстан өз президенті, ұлты мен ұлысы, салт-дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы қалыптасып, шекарасын бекемдеп, өз алдына дербес ел болды. Сонымен қоса, біз осы тәуелсіздікті алу үшін күрескен Алаш арыстарын естен шығармауымыз керек. Олар тіпті өз өмірлерін қиюға дейін барды. Сол себепті оларға мың алғыс!

Тәуелсіздік алған күн, еліміздің тарихында мемлекеттік рәміздеріміз – Ту, Елтаңба және Әнұранымызды алғаш рет бекітілген күн болып табылады. Бұл күн – тарих бетінде алтын әріппен жазылған күн. Мемлекеттік Ту еліміздің егемендігі мен ерлігінің, тұтастығы мен мәртебесінің кепілі болып келеді. Тудағы күн бейнесі байлық пен берекенің, тыныштықтың нышаны болып табылады. Ал, қыран бүркіт қазақ халқының дүниетанымының еркіндіктің, бостандықтың белгісі. Тудың көгілдір түсі арқылы ата-бабамызға деген адалдықты, тазалықты, сенімділікті бейнелейді. Елтаңбаның негізгі белгісі – шаңырақ. Ол Отан отбасынан басталатынын, ортақ шаңырағымыз биік, босағамыз берік болсын деген мағынада. Ал, шаңырақтың беріктілігі уықтың сенімділігіне байланысты сияқты. Қазақстанға да бақытқа жетер жолда әрбір азаматтың амандесендігі маңызды. Алтын қанатты қос пырақ қыранның қырағылығын көрсетеді. Бес бұрышты жұлдыз болса, жұлдызымыз жарқырап жүрсін деген мағынада. Бидай – Отанымыздың байлығы. Елтаңбада қолданылған негізгі түс алтынның түсі. Бұл байлықтың, әділдіктің, кеңпейілділіктің символы болып табылады. Гимн әуенінен Отанға деген сүйіспеншілік, атамекенге деген шексіз берілгендікті көре аламыз. Сөзінен бейбіт пейіліміз, досқа ашық құшағымыз, еркіндікке құштар кең көңіліміз көрініс тауып отыр.

Қорытындылай келе, осындай тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүргендіктен, біз көк аспанда желбіреген көк туымыздың астында, Елтаңбамызбен еңсемізді көтеріп, Әнұранымызбен айбатты болып, бақытты ғұмыр кешкенімізге рахмет айтамыз. Біз және бізден кейінгі жас буын бақытты!

**Г.Мусабекова,**
**Сарышаған кенті кітапханашысы.**

# 2023 жылы тойланатын мерейтойлар мен атаулы күндер

**Мағжан Жұмабаевтың туғанына – 130 жыл**

Мағжан Бекенұлы Жұмабаев Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы.

Мағжан қазақ поэмасын суреткерлік арнаға бұрды. Адам жанының, психология әлемінің құпия сырларын, ирімдерін, даму диалектикасын шеберлікпен кестелеп өрнектей білді. Әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі ретінде де белгілі.

**Оралхан Бөкейдің туғанына – 80 жыл**

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі Оралхан Бөкей 1943 жылы 28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданына қарасты Шыңғыстай ауылында дүниеге келген.

Оралхан Бөкей – жазушы, драматург. Әдебиетке өзіндік өрнегін сала келген жазушы оқырманын өзгеге ұқсамайтын ерекшелігімен таңқалдырған жазушы. 1970 жылы Алматыда жарық көрген «Қамшыгер» атты повестер мен әңгімелерінің тұңғыш жинағы жазушы есімін көпке таныс етті.

**Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға – 300 жыл**

Қазақ халқының тарихындағы ащы қасірет, тарихи оқиғаға – 300 жыл (1723). Жоңғар шапқыншылығынан күйзелген қазақ жеріне Еділ қалмақтары (торғауыттар), Жайықтың казак-орысы, Орал башқұрттары, Қоқан бектері, Бұқар мен Хиуа хандары тұс-тұстан шабуыл жасады. Қазақ елі өз тарихында алғаш рет қасіретті зардабы өте зор зұлматқа тап болып, жер бетінен ұлт ретінде жоқ болу қаупіне ұшырады. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны» шырғаланы мен аласапыраны қазақтардың еркіндік пен ерлік рухын шыңдады. Ұлт перзенттері бардың басын қосып, халық бірікпей тірлік болмайтынын түсінді. Бөгенбай, Қабанбай, Саурық, Жәнібек, Малайсары, Абылай, Әбілқайыр бастаған қалың ел жоңғарларға қарсы майдан ашып, Бұланты мен Бөленті өзендерінің жағасында, Аңырақай даласында ұлы жеңіске жетті. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» қазақ халқының есінде ұлы қасірет болып мәңгі тарихқа қатталды.

**«Қазақ» газетінің алғашқы нөмірінің шыққанына – 110 жыл**

«Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанынан бастап жарыққа шыға бастады. Бес жылда 266 саны шығып үлгерген.

Басылымның жүгін арқалау міндеті Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтың мойнына түсті.

Газетте халықтың сауатын арттыратын, қараңғы күнде шамшырақ болған ақпараттар жазылып тұрды, басылымды қазақ даласының түкпір-түкпірінен жаздырып алып жатты. Кеңестік империяның боданында жүріп, қараңғылықтан көз ашпаған қазаққа «Қазақ» газеті бұлақ суындай болды.

**«Жас қазақ» журналына – 100 жыл**

Жас қазақ – қазақ жастарының тұңғыш қоғамдық-саяси және әдеби журналы. 1923 жылдың қазан айынан 1925 жылдың сәуіріне дейін Орынборда шығып тұрды. Журнал қазақ жастарын сауатсыздықты жоюға, өнер-білімге ұмтылуға, халық шаруашылығын қалпына келтіруге, тап жауларымен аяусыз күрес жүргізуге шақырды. Оларға кооператив, кедей ұйымдарын ашу жолдарын түсіндірді. "Жас қазақ" сол кездегі қазақ ақын, жазушыларының шығармаларын, көне әдебиет мұраларын жариялап тұрды.

**Теңгенің қолданысқа енгеніне – 30 жыл**

1993 жылдың 12 қарашасында тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» жарлығы шықты. Бұған дейін екі жыл бойы теңгені қолданысқа енгізуге күрделі дайындық жүргізілген еді. Нәтижесінде 1993 жылдың 15 қарашасында Қазақстанның ұлттық валютасы теңге айналымға енді. Ескі ақшаны қазақстандық теңгеге айырбастау сағат 08.00-де басталып, 20 қарашада сағат 20.00-де аяқталды.

*Қазақстан-2050: денсаулық стандарты*

# Адамның H1N1 тұмауының белгілері

«Шошқа тұмауы» – А типті H1N1 тұмауы вирусынан туындаған жұқпалы ауру. Вирустың бұлай аталуына оны адамдардың ғана емес, үй шошқалары, құстар және басқа да жануарлардың жұқтыруы себеп. H1N1 вирусы тыныс алу жолдарын




зақымдайды және ауа-тамшы жолымен таралады. Инфекцияның инкубациялық кезеңі – 4 күн.

Белгілері:

- Температураның 40 градусқа дейін кенеттен және тез көтерілуі. Ол жиі қатты қалтыраумен, әлсіздікпен және жалпы әлсіздікпен жүреді.
- Бұлшықеттер мен буындардағы ауырсыну. Бас ауруы көзге және маңдайға локализацияланған.
- Бастапқы кезеңде тұрақты шабуыл түрінде құрғақ жөтел, содан кейін жөтелмен ауыстырылады, қақырық нашар бөлінеді.
- Бұл жиі айқын мұрынды және тамақтың қатты ауырсынуымен бірге жүреді.
- Тәбеттің төмендеуі. Құсу және диареямен жүрек айну.
- Ентігу және кеудедегі қатты ауырсыну.

Асқынулар:

- Пневмония.
- Жүрек-қан тамырлары және тыныс алу жеткіліксіздігі.
- Жүйке жүйесінің зақымдануы.
- Ілеспе аурулардың дамуы.

Ауру кәдімгі тұмауға ұқсайды және жиі жеңіл клиникалық ағыммен сипатталады. Балаларда, жүкті әйелдер мен қарттарда ауру өте ауыр.

### Шошқа тұмауын емдеу

Шошқа тұмауы – бұл өзінің таралу жолдары мен инфекцияның жеке механизмі бар респираторлық инфекция. Клиникалық көріністе интоксикация белгілері басым. Ауруды емдеу үшін вирусқа қарсы препараттар мен антибиотиктер қолданылады. Алдын алу, әсіресе, иммундық жүйенің әлсіреуімен маңызды, өйткені бұл жағдайда ауру өте қиын.

Алдын алу: доңыз тұмауымен қалай ауырмауға болады?

Вакцинация шошқа тұмауының ең тиімді профилактикалық әдісі болып саналады. Бірақ, кез келген адам инъекцияны уақытында ала алмайды. Бұл жағдайда вирустардан қорғаудың жалпы қабылданған ережелері көмектеседі.

- Эпидемияда дәке таңғышын тағу керек, әсіресе сіз адамдармен үнемі байланыста болсаңыз. Созылған және жақсы үтіктелген таңғыш кию ұсынылады. Мұндай қорғаныс агенті бірнеше сағат ішінде жеткілікті, содан кейін оны өзгерту керек.
- Қолайсыз мерзімде, мүмкін болса, адамдар көп шоғырланған жерлерге барудан бас тартыңыз. Жұқтыру ықтималдығы жоғары қауіпті орындардың тізімін қоғамдық көліктер, дүкендер, кеңселер, сауда орталықтары, мұражайлар, театрлар ұсынады.
- Респираторлық инфекцияның айқын белгілері бар адаммен байланыстан бас тарту ұсынылады.
- Жоғары тиімді профилактикалық шара ылғалды тазалау болып табылады. Алғашқы ыңғайлы сәтте қолыңызды бактерияға қарсы сабынмен жуыңыз.
- Дұрыс тамақтаныңыз, жеткілікті ұйықтаңыз және жаттығу жасаңыз. Витаминдерді ішіңіз.
- Есіңізде болсын, шошқа тұмауының қоздырғышы жоғары температурамен достық емес. Сапалы термиялық өңдеу қауіпті вирустың өліміне әкеледі.
- Қаңғыбас жануарлармен байланыс жасамаңыз, өйткені вирус олардан таралуы мүмкін.

**«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК.**

# Әлемде COVID-19 «Цербер» жаңа штаммы таралуда

Әлемнің бірқатар елдерінде коронавирустың жаңа штаммы – «Цербер» таралуда. Қазір жаңа штаммен жұқтыру жағдайлары штаттарда, Бразилияда және кейбір Еуропа елдерінде анықталды. Вирус Ресейде де анықталды. Мамандардың айтуынша, Cerberus штаммы өте жұқпалы. Жаңа ковид мутациясының белгілері ЖРВИ белгілерімен бірдей: жоғары қызба, буындардың ауыруы және әлсіздік. Бұл ретте мамандар Цербер адам өміріне ерекше қауіп төндірмейтінін айтады.



Цербер – омикрон BA.5 вирусының мутациясы. Жаңа штамм жұқпалы, бірақ дәрігерлердің айтуынша, ағымы жұмсақ. Цербер инфекциясын жұқтыру мүмкіндігі пациент вакцинацияланған болса және бұрын Omicron және классикалық COVID-19 болса да бар.

«Цербер» коронавирус штаммының белгілері

Цербер белгілері вирустың алдыңғы нұсқаларынан онша ерекшеленбейді:

- Дене қызуының көтерілуі немесе қалтырау;
- жөтел;
- ентігу немесе тыныс алудың қиындауы;
- шаршау;
- бұлшықет немесе дене ауруы;
- бас ауруы;
- дәм немесе иіс жоғалуы;
- тамақ ауруы;
- мұрынның ағуы;
- жүрек айнуы немесе құсу;
- диарея.

«Цербер» коронавирусы штаммының алдын алу және емдеу

«Церберді» емдеу коронавирустың басқа нұсқаларынан айырмашылығы жоқ. Сондықтан, аурудың жеңіл түрі кезінде өзін-өзі оқшаулау режимін сақтау, демалу және дәрігерлердің ұйғарымдарын орындау ұсынылады. Орташа және ауыр формалар үшін мамандардан көмек алу үшін ауруханаға барыңыз.

Коронавирустан егу «Цербер» жұқтырудан қорғамауы мүмкін болғанымен, ол ауруханаға жатқызу мен өлім-жітім қаупін болдырмайды. Бұдан басқа, вирустың тез таралуына байланысты мамандар өздеріне жұқтырмау және басқаларға қауіп төндірмеу үшін маска киюді ұсынады.

Кез келген індетке қарсы күрестің басты тәсілі – эпидемияға қарсы ережелерді сақтау, яғни ауру өскен кезінде бұл қашықтық сақтау, қол жуу, бетперде кию және эпидемияға қарсы күрестің ең маңызды компоненті – вакцинация.

**«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК.**

*Мәдени мұра*

# Таңбалы тас табылды

Ақтоғай өңірі сонау тас, қола дәуірлерінің көне ескерткіштері саналатын балбал тастар мен таңбалы



тастарға өте бай. Төңіректегі тау мен тасты таптап, тас мүсіндер мен петроглифтерді бір ізге түсіріп, түгендеп кеткен жалғыз адам бар болса, ол – Аманқұл Мұсатаев. Бір кездері қазақ археологиясының атасы Әлкей Марғұлан қола дәуірінің баға жетпес құндылығы – Бегазы-Дәндібай кешенін ашқанда Аман аға жанында жүргені белгілі. Тарих қойнауына кеткен 2022 жылдың қара күзінде ауданымызға қарасты Айыртас ауылының маңынан есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін тағы бір таңбалы тас табылған болатын.

Таңбалы тас Айыртас ауылының азаматы Мұрат Ақатаевтың қырағы көзіне іліккен.

– Тас Айыртасқа барар жолдағы «Слэм» ШҚ деген жол белгісінен оңға бұрылғаннан кейін 3-4 шақырым қашықтықтағы Қарабас қыстағының аумағынан кездейсоқ табылды. Әлбетте, басында көп тастың бірі екен деп қалдым. Анықтап, зер салып қарағанымда, тастың бетіндегі суреттерді аңғардым. Және таңбалы тасты маған дейін бұрын-соңды ешкім көріп, байқамаған болуы керек. Ауылда көрген-білген адам болса, айтар еді. Демек, бұл таңбалы тасты табу тағдырдың маған тарту еткен үлкен сыйы деп айтсам да болады, – деді Мұрат Ақатаев.

Айыртастан табылған таңбалы тас тарихшы мамандардың қызығушылығын оятса, біз жөн сілтеп көрсете аламыз.

**М.Сейдахмет.**

# «Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС-нің 2023 жылдың қаңтарынан бастап ақылы қызмет түрлерінің бағасы

**Газетке берілген жарнама (баннер)** – 5000 теңге.
**Мекемелерден жарияланатын «Сенім телефоны»** – 4000 теңге.
**Хабарландырулар:**
– Жеке адамдардан – 3000 теңге.
– Мекеме, ұжым, кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарынан – 5000 теңге.
***Жеке адамдарды мадақтау, арнау:*** мақала, өлеңдер:
– Шумақпен берілсе, әр шумаққа – 500 теңге.
– Егер сөзбен берілсе, А-4 форматтағы Times New Roman 14 шрифтымен терілген әр жол үшін – 300 теңге.
– Суретпен берілсе, әр суретке 1000 теңге қосылады.
– Өз істерін насихаттап жариялаған мақалалар А-4 форматтағы Times New Roman 14 шрифтымен терілген әр жол үшін – 300 теңге.
**Құттықтау жеке адамдар үшін:**
– Сөзбен – 3000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 4000 теңге.
– Әр шумақ үшін – 500 теңге.
– Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
**Құттықтаулар мекеме, ұжымдар үшін:**
– Сөзбен – 7000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 8000 теңге.
– Әр шумақ үшін – 500 теңге.
– Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
**Еске алу жеке адамдар үшін:**
– Сөзбен – 4000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 4500 теңге.
– Әр шумақ үшін – 500 теңге.
– Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
**Еске алу мекеме, ұжымдар үшін:**
– Сөзбен – 6000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 7000 теңге.
– Әр шумақ үшін – 500 теңге.
– Сурет екі немесе одан да көп болса, әр суретке 1000 теңге қосылады.
**Қазанама жеке адамдар үшін:**
– Сөзбен – 6000 теңге.
– Сөзбен, суретпен – 7000 теңге.
**Қазанама мекеме, ұжымдар үшін** – 9000 теңге.
**Көңіл айту:**
– Жеке адамдар үшін – 5000 теңге.
– Мекеме, ұжымдар үшін – 7000 теңге.
Мемлекеттік тапсырысқа жатпайтын конкурс, мақалалар, т.б. материалдар үшін – А-4 форматында Times New Roman 14 шрифтымен терілген мақаланың әр жолы 400 теңгеден.
– Газетке берілген құттықтаулар, еске алу, басқа да қызмет түрлеріндегі адамдардың аты 6 адамнан аспауы тиіс. Одан кейінгі әр адам атына 100 теңгеден қосылады.
– Қала, ауданаралық мекемелерден берілген қоғамдық тыңдау, келісім-шарт (Публичный договор), түсініктеме, хабарландыру, конкурстар газетке жариялаудың тарифтік құны шаршы сантиметрі 400 теңгеден.
– Газеттің бір данасының сатылу құны – 300 теңге.
**ЕСКЕРТУ:** Газетке берілетін мақалалар А-4 форматында Times New Roman 14 шрифтымен терiлiп, электронды түрде берiледi және мақаланың түпнұсқасын қағаз түрінде де әкелуі керек.

**«Aqtogai ajary» Ақтоғай аудандық газетінің редакциясы» ЖШС.**




## ХАБАРЛАНДЫРУ

Азаматтарды әскерге шақырту учаскелеріне тіркеу Қазақстан




Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» №561-IV Заңының 16-бабы 6 тармағына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы «Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы» №28 бұйрығының негізінде және Ақтоғай ауданы әкімінің 2022 жылғы 20 желтоқсандағы «Қарағанды облысы Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінің 2023 жылы Ақтоғай ауданы бойынша 2006 жылы туған ер азаматтарды әскерге шақырту учаскесіне тіркеуді өткізу үшін тұрақты негізде комиссия құру туралы» №71/03 Қаулысына сәйкес Ақтоғай ауданы бойынша 2006 жылы туған ер азаматтарды әскерге шақырту учаскесіне тіркеу өткізіледі. Тіркеу жөніндегі комиссия жұмысы 2023 жылдың 10 қаңтарынан 01 сәуіріне дейін жүргізіледі.

Шақыруға жататын барлық ер азаматтар жұмыс күндері 2023 жылдың 10 қаңтарынан 31 наурызға дейін (Ақтоғай ауылы, Жидебай ауылдық округі, Сарытерек ауылдық округі, Кежек ауылдық округі, Қараменде би ауылдық округі, Қызыларай ауылдық округі, Нүркен ауылдық округі және Шабанбай би ауылдық округі) бойынша Ақтоғай аудандық әскери-есеп столына және (Шашубай кенті, Сарышаған кенті, Абай ауылдық округі, Айыртас ауылдық округі, Қусақ ауылдық округі, Қарабұлақ ауылдық округі, Ортадересін ауылдық округі, Тасарал ауылдық округі және Тораңғалық ауылдық округі) бойынша Балқаш қаласының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөліміне (Балқаш қаласы, Қараменде би көшесі, 20 үй) мекен-жайына келулері керек.

Азаматтар, олардың жұмыс (оқу) орындарын, атқаратын лауазымы мен орташа жалақысын сақтай отырып, әскерге шақырылуға дейінгілерді әскери есепке қоюға байланысты міндеттерді орындау үшін қажетті уақытта жұмыстан (оқудан) босатылады.

Уақытымен әскерге шақырту учаскесіне тіркелмеген ер азаматтар болған жағдайда төмендегі көрсетілген мекен-жайына хабар-ласуға болады.

**Қосымша ақпарат алу үшін:** Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 10Г үй мекен-жайында орналасқан Ақтоғай аудандық әскери-есеп столына немесе 8 (710-37) 2-11-58 қызметтік телефоны арқылы хабар-ласуларыңызды сұраймыз.

**Ақтоғай аудандық әскери-есеп столы.**

## Хабарландыру

**«Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының жалпы жиналысы 30.01.2023 жылы сағ. 15.00-де болады.**

Күн тәртібінде төмендегі мәселелер қаралады:
1. Серіктестіктің 2023 жылғы бюджетін, кірістер мен шығындардың сметасын және штаттық кестені бекіту.
2. Серіктестіктің несие желісін ұлғайту.
3. «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ-да ҚР Екінші деңгейдегі банктерінде және «Қазпошта» АҚ-да орналастырылған жарғылық капитал сомасының кемінде 25% мөлшерінде соттан тыс сату және акцептісіз алып қою құқығымен ақшалай қаражатты кепілге беру туралы біржолғы шешім қабылдансын.
4. Берілетін несиенің жылдық пайыздық мөлшерін бекіту.
5. Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту.
6. Басқарма құрамына өзгеріс енгізу.

Құрылтайшылардың жалпы жиналысы Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесіндегі №10 ғимаратта «Ақтоғай» несие серіктестігі» ЖШС мекемесінде өтеді. Құрылтайшылардың жиналысқа толық қатысуы сұралады. Шаруашылығын дамытуға несие аламын деген шаруа қожалықтары мына телефондарға хабарласуы керек: 8 (71037) 2-18-21, 2-18-00, 8 777 540 34 71.

АБ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті тұрғындар!

ҚР Экологиялық заңнамасына сәйкес «АК Алтыналмас» АҚ әсер етуге экологиялық рұқсат алу мақсатында «2023-2025 жылдарға арналған Қарағанды облысындағы Ортасай 2 учаскесін барлау жоспарына» ҚОҚБ, ЖБШН, ҚББ, ӨЭБ және ШЖ жобалық құжаттамаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар түріндегі қоғамдық тыңдаулардың өткізілуі туралы хабарлайды.

Ең жақын елді мекен – Ақжайдақ станциясы.

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдаулар 24.02.2023 жылы сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ортадересін а.о., Ақжайдақ станциясы, Бәйтерек көшесі, 37 (вокзал ғимараты, күту залы) мекен-жайы бойынша өтеді. Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы тиіс). Қатысушыларды тіркеу тыңдаулар өткізудің басталуынан 1 сағат бұрын жүзеге асырылады (өзімен бірге жеке куәлігі болуы міндетті).

Шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар Zoom қосымшасы арқылы онлайн режимде өткізіледі.

ZOOM конференциясына онлайн қосылуға сілтеме:

https://us05web.zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVlCM1B4OFJJUT09

Идентификаторы: 235 626 0706.

Кіру коды: Au73Qq.

Барлық мүдделі тұлғаларды қатысуға шақырамыз.

Материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады https://ecoportal.kz сондай-ақ, Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасынан эл. пошта арқылы сұрауға болады expertiza.upr_krg@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстар мына сілтеме бойынша қабылданады: https://ecoportal.kz және Қарағанды қаласы, Лобода көшесі 20, тел. 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Қосымша ақпарат алуға болатын электрондық мекен-жайы және телефон нөмірі(-лері): «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы – «АК Алтыналмас» АҚ, БСН 950640000810, кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 15.

Әзірлеуші – «ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, БСН 920540000504. Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Лобода көшесі, 40 құрылыс, тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители!

Согласно Экологическому законодательству РК АО «АК Алтыналмас» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы проектных документов РООС, НДВ, ПУО, ПЭК и ППМ к «Плану разведки участка Ортасай 2 в Карагандинской области на 2023 -2025 гг.» в целях получения экологического разрешения на воздействие.

Ближайший населенный пункт – станция Акжайдак.

Общественные слушания в форме открытых собраний будут проходить 24.02.2023 года в 15:00 по адресу Карагандинская область, Актогайский район, Ортадересинский с.о., с. Акжайдак, ул.Байтерек, 37 (здания вокзала, зал ожидания). Регистрация участников осуществляется по удостоверениям личности за 1 час до начала общественных слушаний (иметь при себе удостоверение личности).

В случае введения ограничительных мероприятий, в том числе карантина, общественные слушания проводятся в онлайн режиме через приложение Zoom.

Ссылка на онлайн подключение к конференции Zoom:

https://us05web.zoom.us/j/2356260706?pwd=WjRHQm5jMFdDdFJodVlCM1B4OFJJUT09

Идентификатор: 235 626 0706.

Код доступа: Au73Qq

Всех заинтересованных лиц приглашаем принять участие.

С материалами можно ознакомиться на Едином экологическом портале https://ecoportal.kz; также запросить в Управлении природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области по эл. почте expertiza.upr_krg@mail.ru.

Замечания и предложения принимаются: по ссылке https://ecoportal.kz и по адресу г. Караганда, ул. Лободы 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru.

Электронный адрес и номер(-а) телефона, по которым можно получить дополнительную информацию: ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ» - info@ecoexpert.kz, 8 (7212) 42-56-17.

Инициатор намечаемой деятельности – АО «АК Алтыналмас», БИН 950640000810, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, г.Алматы, площадь Республики, 15.

Разработчик – ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ», БИН 920540000504. Юридический адрес: Республика Казахстан, Карагандинская область, город Караганда, район имени Казыбек би, улица Лободы, строение 40, тел./факс: 8 (7212) 42-56-17.

АБ

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Qaz Geo Resources» ЖШС Ақтоғай ауданындағы L-43-29-(10б-5б-18, 19, 20) блоктарының контурындағы қатты пайдалы қазбаларға барлау жұмыстарын жүргізу жоспарына Жобаның қоршаған ортаны қорғау бөлімі бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қарағанды облысы «Рұқсат етілген шығарындылар нормативтері» (РЕШН), Қалдықтарды басқару бағдарламасы (ҚББҚ), Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы (ӨЭББ), Экологиялық іс-шаралар жоспары.

Қоғамдық тыңдаулар өткізіледі: 2023 жылғы 21 ақпанда сағат 11.00, Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай с.о., Ақтоғай ауылы, Ә.Бөкейхан көшесі, 4, Әкімдік ғимараты мекен-жайы бойынша.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылуға сілтеме: https://us04web.zoom.us/j/77672503831?pwd=lV6lvuc30b3LTuqqw9JW9XXtwzEc0W.1

Конференция идентификаторы: 776 7250 3831

Кіру коды: ws01jv

Тапсырыс беруші: «Qaz Geo Resources» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, көш. Тәттімбет, 3/14, 34-пәтер.

БСН: 200940021056.

Директоры: Толеуов Р.С.

Байланыс телефоны: 8-701-514-8244, e-mail: a_taukenov@mail.ru.

Әзірлеуші: «Экопроект 2017» ЖК, Қарағанды қ., аудан. Қазыбек би, Әубәкіров көшесі, 79.

ЖСН: 741016400109.

Өкілі: Обжорина Т.Н.

Байланыс телефоны: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

Қоғамдық тыңдау материалдарымен сайтта танысуға болады: ecoportal.kz және https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Жоба бойынша қосымша ақпаратты 8 (776) 526-31-31, tanya_ob80@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ мына мекен-жайлар бойынша қабылдайды: expertiza.upr_krg@mail.ru Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «QazGeoResources» объявляет о проведении общественных слушаний по Проекту Раздел охраны окружающей среды к плану проведения операций по разведке твердых полезных ископаемых в контуре блоков L-43-29-(10б-5б-18, 19, 20) в Актогайском районе Карагандинской области, проект «Нормативы допустимых выбросов», Программа управления отходами, Программа производственного экологического контроля, План природоохранных мероприятий.

Общественные слушания состоятся: 21 февраля 2023 года в 11:00, по адресу: Карагандинская область, Актогайский район, Актогайский с.о., с.Актогай, ул.Бокейхана 4, здание Акимата.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:https://us04web.zoom.us/j/77672503831?pwd=lV6lvuc30b3LTuqqw9JW9XXtwzEc0W.1

Идентификатор конференции: 776 7250 3831

Код доступа: ws01jv

Заказчик: ТОО «QazGeoResources», Республика Казахстан, г. Караганда, имени Казыбек би, ул. Таттимбета, 3/14, квартира 34.

БИН: 200940021056.

Директор: Толеуов Р.С.

Контакты: тел.: 8-701-514-8244, e-mail: a_taukenov@mail.ru.

Разработчик: ИП «Экопроект 2017», г. Караганда, район им. Казыбек би, ул. Аубакирова, 79.

ИИН: 741016400109.

Представитель: Обжорина Т.Н.

Контакты: тел.: 8(776) 526-31-31, e-mail: tanya_ob80@mail.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте ecoportal.kz и https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru.

Дополнительную информацию по проекту можно запросить по тел.: 8 (776) 526-31-31, tanya_ob80@mail.ru.

Замечания и предложения принимает ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» по адресам: expertiza.upr_krg@mail.ruи г. Караганда, ул. Лободы, 20. АБ

## Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8 (71037) 2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

## Сатанова Жарқын Молдашқызы



Ажалға қимайтын, үлкенді сыйлай білген, өзінен кішіге қамқор болған аяулы әріптесіміз **Сатанова Жарқын Молдашқызы** 30 желтоқсан күні өмірден өтті. Жүрегіміз қанша сыздаса да, өмірдің қатал заңына бағынбасқа амал жоқ...

Жарқын Молдашқызы 1968 жылы 2 желтоқсан күні дүниеге келген. 1986 жылы Жезқазған педагогикалық институтының орыс тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына оқуға түсіп, аталған мамандық бойынша 1991 жылы аяқтап шықты. Еңбек жолын бастаған уақыттан бастап бар ғұмырын ұстаздықпен байланыстырған, ауданымыздың білім саласына, жасөспірімдерге білім мен тәрбие беруде аянбай тер төккен әріптесіміздің берген білімі мен атқарған жұмысы барлық әріптестері мен шәкірттерінің есінде екені сөзсіз. Еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған Жарқын әріптесіміз мектепте мұғалім, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, білім бөлімінде әдіскер, мектеп директоры қызметтерін атқарды. Жолдасы Нұрланмен бірге отбасында қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай ұл-қыздарын тәрбиеледі.

Өмірінің соңына дейін ғұмырын шәкірт тәрбиесіне жұмсаған Жарқын Молдашқызының есімі әріптестерінің есінде мәңгі сақталады.

Отбасына, туған-туысқандарына қайғыларына ортақтасып, көңіл білдіреміз.

Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жаннатта болсын!

**Көңіл білдіруші: «Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебі (РО) жанындағы интернаты» КММ-нің ұжымы.**

## Бауыржан Жабасұлы Кеңесбаев



Сарытерек ауылының тумасы, ауылымыздың ұлағатты ардагер ұстазы, ардақты әке **Бауыржан Жабасұлы Кеңесбаев** 1977 жылы Қарағанды мемлекеттік университетінің химия факультетін бітірген. Екі жыл университеттің өзінде қалып жұмыс істеп, 1979 жылдан бастап Сарытеректегі орта мектепте 37 жыл ұстаздық қызмет жасап келді. Осы жылдар ішінде ұстаздық жұмыспен қатар, мектеп директорының оқу- тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі болып қызмет жасап, зейнеткерлікке шықты.

Ұрпақ оқытып, тәрбиелеудегі ерен еңбегі үшін 1986 жылы «ІІІ дәрежелі Еңбек даңқы» орденімен марапатталды. Сонымен қоса аудандық, облыстық Алғыс хаттармен және грамоталармен марапатталған. Биылғы 2022 жылдың желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігінің 31 жылдық мерекесі қарсаңында «Оқу-ағарту ісінің еңбек ардагері» төсбелгісімен марапатталған.

Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» дегендей, ұлағатты ұстазымыздан білім алған мыңдаған шәкірттер түлеп ұшып, шәкірттері аудандық, облыстық, республикалық байқау, жобалардан оза шауып, мектепті алтын белгіге де бітіріп, айтарлықтай ел мақтанышы болған.

Осындай майталман, ұлағатты ардагер ұстаздарымыздың әсерлеп берген білімдері және Бауыржан мұғалімнің оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру кезіндегі құнды тәжірибелері, баланың білмегенін сыйлай отырып үйреткен эстетикалық тәрбиелері керемет еді.

Ұстаз өнегесі әрбір мектеп бітіруші түлектің өміріне жол сілтер шамшырағы секілді ғой, осы кісілерге қарап бой түзедік, ой түзедік, қызыға қарадық, ерен еңбектеріне сүйсіндік.

Көзі тірісінде айналасына мейірімділіктің нұрын шаш-қан, адамгершіліктің, адалдықтың үлгісі бола білген марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын!

**«Жабас Кеңесбаев атындағы ЖББ мектебі» КММ-нің ұжымы.**

## Еске алу



Сәуле ауылының тумасы, бәйтерегіміз, аяулы жар, қадірлі бауыр, немерелерінің сүйікті атасы **Асылмұрат Құмарұлының** бұл фәнимен қоштасқанына да 40 күннің жүзі болыпты. Уақыт жылжып, сағат сырғып, жылдан жылды ауыстырып жатқан өмір-ай! Қайран уақыт зымырап өтіп жатқаны сондай, өмір атты дарияда желкені есілмегеніне де айдан аса уақыт өтіпті. Өмір – һақ, өлім – һақ, өмір өткінші екені мәлім. Еліне сыйлы, кішіге қамқор аға, үлкенге ізетті іні, балаға абзал әке, немереге сүйікті ата, досына адал бола білген әкеміздің үнін, ыстық ықыласын, әдемі әзілдерін, мейірімді жүзін сағынышпен еске аламыз. Күн сайын сағынышымыз ұлғая беретін сияқты, Әке!

Жұмада кеттің, жұмақта болсын мекенің,
Келтірді Алла өзінің жазған есебін.
Әр сөзің алтын, әр ісің бізге өнеге,
Өзіңді әке, мәңгілік жырлап өтемін!

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болсын, ӘКЕ! Артындағы балаларына, анамызға, бауырларына, немерелеріне ұзақ ғұмыр берсін! – деп Алладан сұрап, дұға бағыштаймыз.

**Еске алушы: балалары, жары, бауырлары.**

## Еске алу



**Түскеев Асылмұрат Құмарұлының** өмірден өткеніне, міне, 40 күн толды. Ол аудан экономикасы мен мәдениетінің және спортының өркендеуіне өзінің зор еңбегін сіңірді. Мектеп қабырғасында жүріп-ақ, волейболдан үздік ойыншы ретінде аудандық жарыс жеңімпазы атанғаны есімізде. 1974 ж. Қ.Нұржанов атындағы орта мектепті бітірісімен Ж.Құнарбеков басшылық еткен «Сәуле» комсомол-жастар бригадасында құрдастарымен бірге қиындығы мен қызығы мол еңбекке араласты. Ел қатарлы Отан алдындағы борышын өтеп келген соң, ауылдағы өзіне тапсырылған міндеттерді мінсіз атқарды. Совхоз малшыларына қызмет көрсету мақсатында құрылған үгіт бригадасында бірнеше жыл қызмет ете жүріп, өзінің әуезді әндерімен халық жадында мәңгілік сақталып қалды. Асылмұрат ерен еңбегінің арқасында 1982 ж. Совет Одағы Коммунистік партиясы қатарына өтті. 1986 ж. ауданымыздың үздік еңбеккерлері сапында 1 ай Прибалтика елдерін аралау құрметіне ие болды. 1991-1993 жылдары аудандық мәдениет бөлімінде түрлі жұмыстар жасады. Сонымен қатар, әйгілі «Тоқырауын толқыны» әнші ансамблінің белді мүшесі ретінде шет мемлекеттерде өнер көрсетіп қайтқан болатын. 2008-2011 жылдары Жидебай ауылдық округіндегі «Сарыарқа» клуб үйінің меңгерушісі болып, ауыл тұрғындарының бос уақытын көңілді өткізуіне ықпал етті. Асылмұрат қандай жұмыстар атқарса да, өзінің адамгершілік қасиеттерінен тайқыған емес. Ол ән салу, сөз саптау қабілетінің арқасында той-думандарды басқарып, асабалық қырымен де танылған еді. Отырған жерде күлдіріп, маңайын әнге бөлеп жүретін құрдасымыздың орны ойсырап қалды. Ешкімнің ала жібін аттамаған, атына заты сай, ақкөңіл де кішіпейіл, асыл азаматымыз, қимас досымыз бәріміз үшін аса қадірлі екені бүгін қатты біліне түр. Топырағың торқа болып, қабіріңе Алланың нұры жаусын.

**Еске алушылар: 1974 ж. мектеп бітірген кластастары.**

## Еске алу



Керуен күндер келмеске кетіп, жұлдыз түндер ағып жатыр біртіндеп... Асау аттай арындаған қайран уақыт тоқтаусыз зымырап барады. Кеше ғана аяулы ана, ардақты жар, қамқор бауыр болған **Керімбайқызы Зейнеш** тірі болғанда, 2023 жылдың 17 қаңтары күні 60 жасқа толар еді.

Өлшеулі өмірдің бір қиындысы. Шарасыз қалған шерменде көңіл-күйдің іздей-іздей қанатының талғаны. Көнбесіңе амал жоқ, тағдырдың басқа салғаны. Кімге болса да, тірліктің бір күні тоқтайтыны – ақиқат. Дана халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейтін қанатты сөз бар.

Марқұм бауырымызды еске ала отырып, рухы разы болсын деген ниетпен Құран-дұға бағыштап, мына өлең жолдарын арнаймыз:

Сағынамыз, өзіңді еске аламыз,
Біз де ол жаққа ерте ме, кеш пе, барамыз.
Тірі адамдар тірлігін жасап жатыр,
Бүгінде отау болды қос балаңыз.
Жылдардың парақтары ақтарыла,
Өтіп кетті қос мүшел қас-қағымда.
Отыратын едің ғой тірі болсаң,
Әже болып алпыстың асқарында.
Қарсы келіп құдайдың қылғанына,
Жасамайық біз енді қате қылық.
Туысқан бар, жарың бар, жамағат бар,
Отырайық әрдайым бата қылып.

**Еске алушылар: бауырлары, Кукеевтер әулеті.**

## Еске алу



Қызыларай ауылының тумасы, аяулы анамыз **Жамария Мұздыбайқызының** өмірден өткеніне 40 күн толды. Анамызға деген сағынышымызды айтып жеткізе алмаспыз. Әулетіміздің киесі, балаларының ардақтысы, шаңырақтың панасы болып, шуақ шашып, арқа-жарқа болып, құшағын айқара ашып, еміреніп маңдайымыздан иіскеп қарсы алатын кең пейілді сағындық, анашым. Барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытқан мейіріміңіз бен қажыр-қайратыңызға басымызды иеміз. Сіздің жарқын бейнеңіз әркез көңіліміздің төрінде сақталады. Жаныңыз жәннатта, тәніңіз рахатта болып, арттағы ұрпағыңызға ұзақ ғұмыр берсін.

Санамызда сақталып айтқан сөзің,
Ешқашан ұмытылмас жарқын жүзің.
Сағынып аңсаумен еске аламыз,
Жан ана, жайлы болсын жатқан жерің.

**Сағына еске алушылар: балалары – Өрік-Бағдат, Кәукербек-Гүлжан, Таңат-Жұлдыз, Асхат-Гүлжазира, немерелері – Бекзада, Айзада, Шахизада, Айша, Асылзада, Айя, жиені – Акерке.**

Ақтоғай ауылдық Аналар кеңесінің ұжымы осы кеңесте ұзақ жыл төрайымдық қызмет атқарған ардақты ана, ұлағатты ұстаз **Сатанова Жарқын Молдашқызының** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

# Құттықтаймыз!

Құттықтаймыз!



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі де құрметті **Батима Бәкірқызы!**

Сізді адам өмірінің асқаралы асуы, әулеттің алтын діңгегіне айналған 70 деген кемелденген мерейлі жасқа толуыңызбен ыстық ықыласпен, шын жүректен құттықтаймыз! Отбасыңызға амандық, шаңырағыңызға шуақ, ғұмырыңызға қуат тілейміз. Деніңіз сау болып, Алланың берген жасын жасап, балаларыңыздың қызығын қызықтай беріңіз.

Қуаныңыз, шаттаныңыз, тасыңыз,
Әдемі өрлеп әр белестен асыңыз.
Ұрпақтардың қызығына бөленіп,
70 емес, 100-ге жетсін жасыңыз.
Үзілмесін өміріңіздің жыр-әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңіздің тек зейнетін көріңіз,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

**Ізгі тілекпен: апаңыз – Мария және балалары.**



Ардақты аға **Сағындық Сейтқазыұлы!**

Сізді ұзақ жылғы жемісті еңбегіңіздің зейнетін көрер жасқа келген айтулы қуанышыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Мұғалім – мамандық, ал ұстаздық – қасиет. Алла тағала Сейтқазы әкеміздің әулетіне осы ҰСТАЗ деген қасиетті дарытқан. Тәлімгерлік, ұстаздық қаныңызда бар, сүйегіңізге мөрленген. Сол нығметті қастерлеп, қадірлеп, біліміңіз бен күшіңізді, тәжірибеңізді оқу-тәрбие саласына бағыштадыңыз. Сіздің басшылық, педагогтік, шығармашылық еңбегіңізге ел тәнті. Біз де сізді мақтан етеміз. Ғұмырыңыз ұзақ, бақытыңыз баянды болсын. Ұрпақ алғысына бөлене беріңіз.

Ұстаз болу еді, ағатай, арманың,
Сол арманды ақиқатпен жалғадың.
Оқытудан, үйретуден талмадың,
Енді, міне, орман болды жан-жағың.
Ізденумен өтті, ағатай, жастығың,
Бақытың боп алдан құшақ ашты күн.
Абыроймен жалғап, аға, келесіз,
Сейтқазыдай әкеміздің дәстүрін.
Мына күн де өткенге есеп берер сәт,
Керемет сәт, көзайым сәт, кемел сәт.
Ұстаз аға, құтты болсын қуаныш –
Бейнетіңнің зейнетін бір көрер шақ!

**Ізгі тілекпен: Данияр Мерғазин және оның отбасы.**
**Қарағанды қаласы.**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, қадірлі бауырымыз **Қақабаева Ләззат Елегенқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз алпыс атты асқар шыңның асуына шығып отырсыз. Осы күні сізге шын ниетпен зор денсаулық, отбасына амандық, шаңырағыңызға шаттық, дастарханыңызға береке тілейміз. Бала-шағаңыздың қызығын қызықтап, немерелеріңіздің шат күлкісіне тоймай, арамызда аман-сау жүре беріңіз. Өміріңіз бақытқа бөленіп, отағасы Иса екеуіңіз әлі талай айтулы белестерді бағындырып, биіктерден көріне берулеріңізге тілектеспіз. Жасыңызға жас қосылып, еңбегіңіздің зейнетін көріп, әулетіміздің жанашыр, ақылшысы болып, әрдайым ортамызда мәртебеңіз биіктей берсін!

60 деген шығатын бір асқар шың,
Тілейміз жақсылықты басыңа мың.
Жылыта бер жанымызды шуағыңмен,
Шалмасын жүзіңізді ешқашан мұң.

**Ақ тілекпен: аға-жеңгесі – Мұрат-Бағдат және бауырлары.**



**Құрметті Ләззат Елегенқызы!**

Сізді бүгінгі күні өмір жолының асқар биігі – 60 жастың шыңына шығып отырған мерейлі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбекке ерте араласып, ұлағатты өмір мектебінен өттіңіз. Сіз осы белеске жеткенше елге елеулі, халыққа қадірлі, әулеттің аяулы келіні, ардақты ана, немерелерінің сүйікті әжесі ретінде ауыз толтырып айтатын тұлғасыз. Ауданымыздағы «Аққыз» бөбекжайына басшы қызметін қабылдап алғаннан бастап, бүгінгі күнге дейін осы салада тынбай еңбек етіп, бөбекжайымыздың қазіргі заман талабына сай заманауи болуына атсалысып, ұжымдағы жұмыскер-қызметкерлердің жұмыс жасауына жағдай жасап, тәрбиеленуші бөбектеріміздің алаңсыз білім мен тәрбие алып, тұлға болып қалыптасуына қосқан үлесіңіз ұшан-теңіз. Сіз осы уақыт аралығында елге, халыққа қызмет еткен, ұрпақ өсірген ұлағатты басшы, ұстазсыз. Ауданымыздың қоғамдық жұмыстарына да белсене атсалысып, аудандық Аналар кеңесінің құрамында болып, игі іс-шаралардың өтуіне ықпал еттіңіз. Әлі де болса қажымай, қартаймай, осы салмақты қалпыңызбен аман-есен еңбек жолыңызды жалғастыра беріңіз. Біз сізбен мақтанамыз.

Ізгілікті нұрын шашар маңайға,
Басшысыз ғой үлгі болар талайға.
Жақсылықты өзіңізден көп көрген,
Ұмытпайды ұжымыңыз қалайда.

**Ақ тілекпен: «Аққыз» бөбекжайының ұжымы.**

Құрметті көршіміз **Кәмел Абжанқызы!**



Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 60 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

60 жас – адамның кемеліне келіп, алдыңғы толқын әпкелерінің ізін басып, кейінгі толқын сіңлілері құрмет көрсетіп, ілтипат танытатын, ұл-қыз өсіріп, құда-жекжатты болып, немере сүйіп, өрісі кеңейіп, өркені өскен беделді кезең. Мерейлі жасқа келген жаны жайсаң көршімізге деніңізге саулық, отбасыңызға амандық, еңбекте тың табыстар мен өмірдің асқақ абыройын, жарыңызбен бірге бала-шаға, немере қызығына тоймай, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң құрметіне бөленіп жүре беріңіз деп тілейміз.

**Ізгі тілекпен: көршілері – Күлмайра апа, Мәрия апа, Табәрәк, Серік, Кентай, Сағат, Жаңагүл, Ернат, Еркебұлан және Нұрханның отбастары.**



Асыл жар, ардақты әже, аяулы анамыз **Қақабаева Ләззат Елегенқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Бала-шағаңыздың қызығы мен қуанышына, немерелеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасында алтын көпірдей қадірлі болып жүре беріңіз. Біздерге бақытты өмір сыйлап, биік шыңдарға қанат қақтырған асыл анамызға ең алдымен зор денсаулық, қажырлы қайрат, күш-қуат тілейміз. Анамыздың аяулы алақаны, мейірімді жүзінен шуақ кетпей, айналасын шадыман шаттыққа бөлей беруге нәсіп етсін!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мереке күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кеңеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

**Игі тілекпен: жолдасыңыз – Иса, балаларыңыз – Дәурен-Ақмарал, Дархан-Әсел, Айғаным, немерелеріңіз – Фариза, Әлімхан, Айсара, Ханәли.**



Ақтоғай ауылының тұрғыны, әріптесіміз **Жамал Керейбайқызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтай отырып, әріптестеріңіздің ізгі көңілінен шыққан ақ тілектерін жолдаймыз!

Ұжымыңыз сізді білікті де білгір, тәжірибелі де озық, сыйлы да беделді маман ретінде құрмет тұтып сыйлайды. Осы қуанышты сәтте сізге ұзақ өмір, зор денсаулық, баянды бақыт тілейміз. Көңіліңіз ғұмыр бойы көтеріңкі болып, өмір айдынында қайғы-мұңды білмей, еркін жүзе беріңіз. Отбасыңыздан береке-бірлік, басыңыздан бақ-дәулет таймай, аңсаған армандарыңыздың асуына жете беруіңізге тілектеспіз.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз!
Дәулет пен мерейіңіз таси берсін,
Арта берсін абырой-беделіңіз!

**Тілек білдіруші: Ақтоғай аудандық аумақтық инспекциясының ұжымы.**



Құрметті **Ләззат Елегенқызы!**

Сізді 60 жасқа толған мерейтойыңызбен құттықтаймыз!

Асқаралы да астарлы, салмақты да салиқалы жас – алпысыңыз құтты болсын! Сізге қажымас қуат, мықты денсаулық тілеп, туған-туыс алдындағы беделіңіз артып, сый мен құрметке бөлене беріңіз деген жүрекжарды тілегімізді білдіреміз. Отбасыңызға баянды бақыт орнап, ырыс-несібеңіз молая берсін. Алланың берген жасын жасап, Иса ағамыз екеуіңіз балалар мен немерелер ортасында марқайып жүре беріңіз.

Өмір нұры бітпесін жыл озса да,
Қанаттансын ойдағы армандар да.
Әулетің, балаларың аман болып,
Қызықтай бер әлі талай той-думанды.

**Игі тілекпен: Жока-Айгүл, Сана-Қарлығаш.**



Құрметті **Бакирова Батима!**

Сізді өмірдің бір белесі – 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Осы айтулы мерекеңіз күні сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық, қажымас қайрат, берекелі де мерекелі ұзақ өмір тілейміз.

Шаңырағыңызда шаттық пен қуаныш көп болсын, бала-шаға, немерелеріңіздің қызығына тоймай, Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз деген ізгі тілегімізді білдіреміз. Арайлап атқан әрбір таң сізге тек шаттық пен қуаныш әкелсін!

Құтты болсын мерекелі тойыңыз,
Орындалсын арман-мақсат, ойыңыз.
Әулетіңіздің құрметіне бөленіп,
Әрқашанда биік төрде болыңыз.

**Ақ тілекпен: кластас достары – Марат-Шәйза, Құрал-Несіпбала, Қанат-Дина, Самат-Гүл, Дәния, Өрік-Қарлығаш, Қуаныш-Құндыз.**

Құрметті **Ләззат Елегенқызы!**



Сізді 60 жасқа толған қуанышыңызбен құттықтаймыз! Уақыт – ешкім тоқтата алмайтын алып кеме, сол кеменің жүрісімен сіз де өмір толқындарымен араласа жүріп, алпысыншы баспалдаққа аяқ басып отырсыз. Денсаулығыңыз мықты, ғұмырыңыз ұзағынан болсын. Иса нағашымыз екеуіңіз шаңырақтарыңыздағы жақсылықтарды бірге тойлап, арман-тілектеріңіздің орындалуына тілектеспіз. Алдыңыздан шаттықпен күндеріңіз атсын. Отбасыңыздан бақ таймасын.

Көктемнің күлімдеген күні болшы,
Өмірдің шешек атқан гүлі болшы.
Қуанышты, көңілді өмір сүріп,
Өмірде ең бақытты жандардың бірі болшы!

**Ақ тілекпен: Жанат-Нәстай, Амантай-Нұргүл, Марат-Есенгүл.**


**Құрылтайшы:** ЕЛЕУСИЗОВА ГУЛНАР МЕТАЕВНА

**Редактор:** Г.ЕЛЕУСИЗОВА

**Меншік иесі:** ‘‘Ақтоғай ажары’’газеті редакциясы ЖШС

**Тіркеу куәлігі:** №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

**Жауапты хатшы: Думан Қабыл**

**Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан**

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арко» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді.

Таралымы 1020 дана

**Мекен-жайымыз:** 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

**Телефондар:** **редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39**





**Электрондық пошта aktogai_red @ mail.ru**

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.